



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Арнайы педагогика» сериясы
Серия «Специальная педагогика»
Series of «Special Pedagogics»

№3(50), 2017



Алматы, 2017

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Арнайы педагогика» сериясы
Серия «Специальная педагогика»
Series of «Special Pedagogics»**

№3(50), 2017

Алматы, 2017

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

Намазбаева жәмиля ыдырысқызы 75 жаста!

**АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ**

Autayeva A.N., Zhumasheva N. Problems of training the teachers for work in conditions of inclusive education in pedagogical studies.....

Аутаева А.Н., Жумашева Н.Ж. Педагогикалық зерттеулердегі инклюзивті білім беруге педагогтарды дайындығы мәселелері.....

Байдосова Д.К. Білім беру үрдісінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану тәжірибесінде – теориялық талдау.....

Baidosova D. Theoretical analysis of application of здоровьесберегающих of technologies is in educational process.....

Kalymova A.E. An inside view of gifted education in Kazakhstan.....

Қалымова Ә.Е. Дарынды балаларға білім беруге ішкі көзқарас.....

Завалишина О.В., Халыкова Б.С. Мониторинговое исследование достижений детей с нарушением интеллекта в образовательной области «Познание».....

Zavalishina O., Khalykova B. Monitoring research of achievements of mentally retarded children in the educational knowledge area.....

Аутаева А.Н., Жумашева Н.Ж. Инклюзивті білім беру жағдайындағы мұғалімдердің кәсіби дайындық мәселесі.....

Autayeva A.N., Zhumasheva N. Problems of professional readiness of teachers in the conditions of inclusive education.....

**ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ
ИЗУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ
ПОТРЕБНОСТЯМИ**

Былино М.В. Социальная направленность рисуночной деятельности в работе с детьми – инвалидами в условиях домов-интернатов (по результатам анкетирования).....

Bylino M.V. Social orientation of pictural activity in work with disabled children in the conditions of houses boarding schools (by results of questionnaire).....

Жолдыбаева А.Б. Педагог қызметіндегі эмпатияның орны.....

Zholdybayeva A. The role of empathy in the activities of a teacher.....

Тулєбиева Г.Н., Қасымжанова Г.Н. Тандай - жұтқыншақ аппаратының қалыпты және патологиялық жағдайында сөйлеу тілі мен дыбыс айуының бұзылуы.....

Tulebiyeva G.N., Kasymzhanova G.N. Violation of the speech and sound pronunciation at children with crevices of the palatal and pharyngeal device.....

Коржова Г.М., Оразаева Г.С., Ақылбаева Г.И. Программы для родителей как средство их включения в коррекционную работу.....

Korzhova G., Orazayeva G., Akylbaeva G. Programs for parents as means of inclusion them into in correctional work.....

Қошжанова Г.А. Арнайы мектеп жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау ерекшеліктері....

Koshanova G.A. Features of the self-assessment of seniors of special schools.....

Аутаева А.Н., Тыныстан Т.Қ. Инклюзивті білім беру жүйесінде дефектолог мамандарды дайындаудың қазіргі жағдайы.....

Autayeva A.N., Tynystan T.K. Training of specialists of speech pathologists in inclusive education now.....

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Оразаяева Г.С., Орынбасарова А. Е. Применение инновационных технологий в работе по развитию понимания речи детей с расстройствами аутистического спектра.....

Orazayeva G., Orynassarova A. The use of innovative technologies in development of speech understanding of children with autism spectrum disorders.....

Бектаева К.Ж., Увалиева М.З. Зияты зақымдалған оқушыларды сауат ашу кезеңіне дайындау.....

Bektaeva K., Uvalieva M. Preparation of children with violation of intelligence for reading and writing

Джумадуллаева Н.М. Роль воспитателя в развитии речи и обогащении словарного запаса обучающихся с тнр (тяжелыми нарушениями речи).....

Dzhumadullayeva N. Role of the tutor in development of the speech and enrichment of the lexicon of students with HVS.....

Ерсарина А.К., Юлдабаева Д.Р., Токарева А.Н., Мергалиева Т.Е. Опыт групповой работы с детьми раннего возраста с задержкой психомоторного развития.....

A.K. Ersarina, Yldabaeva D.R., Tokareva A.N., Mergaliyeva T.E. Experience of group work with children of early age with psychomotor development delay.....

Петренко Е.П. Особенности формирования фонематического слуха у дошкольников

с фонетико-фонематическим нарушением речи в условиях узбекско-русского двуязычия

Petrenko E. Features of formation of phonemic hearing at preschool children with phonetik-phonematic violation of the speech in the conditions of the uzbek-russian bilingualism.....

Ерсарина А.К., Алмазова Т.Н. Сенсомоторная коррекция нарушений психофизического развития детей дошкольного возраста с особыми образовательными потребностями.

Ерсарина Ә.Қ., Алмазова Т. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар мектеп жасына дейінгі балалардың психофизикалық даму бұзылымдарының сенсомоторлық түзеуі

Кдыргужина Ж.Н. Приемы формирования слухового внимания, восприятия и памяти у детей раннего возраста на логопедических занятиях.....

Kdyrguzhina Zh.N. Methods of forming auditory attention, perception and memory in young children at speech therapy activities.....

Denisova I. Modelling of the words as means of illiteracy's prevention

Денисова И.А. Моделирование слов как средство предупреждения дизорфографии

Ниембаева Г.Б., Наурызбаева Ж.М Мектеп жасына дейінгі сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың
эмоционалдық дамуы.....

Nietbaeva G.B, Nauryzbaeva Zh M Emotional development of preschool children with speech impairment

Құрметті оқырмандар!

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршы жинағының «Арнайы педагогика» сериясы, арнайы педагогиканың теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелерін қарастыруға бағытталған материалдарды жариялауды жалғастырады. Хабаршының бұл санында Қазақстанның, Ресейдің арнайы білім беру мекемелерінің мамандарының, жоғары оқу орындарының оқытушыларының, магистранттардың мақалалары қамтылған.

Басылымда қарастырылған рубрикалар аясында төмендегідей өзекті мәселелер қарастырылды: : амуында ауытқуы бар балаларды зерттеу; мүмкіншілігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу; балалармен психокоррекциялық жұмыс ұйымдастыру; арнайы мектепте оқу үрдісін жоспарлау, т.б.

Құрметті әріптестер, оқырмандар! Сіздердің мақалаларыңызды және ұсыныстарыңызды күтеміз. Сіздердің жолдаған мақалаларыңыз Қазақстандағы дефектология ғылымының теориясы мен тәжірибесін дамытуға ықпалын тигізеді деген сенімдеміз.

Құрметпен бас редактор: п.с.ғ.к.,доцент Макина Л.Х.

Уважаемые читатели!

В очередном номере вестника КазНПУ имени Абая серии «Специальная педагогика» (№3, 2017-го года) опубликованы научные статьи, посвященные актуальным проблемам специального и инклюзивного образования детей с особыми образовательными потребностями. В журнале находят отражение проблемы научно-теоретического и прикладного характера. Авторы статей – ученые, докторанты, магистранты из Республики Казахстан, ближнего и дальнего зарубежья. Публикуются практические материалы работников специальных (коррекционных) и общеобразовательных организаций образования.

В рамках специальных рубрик сборника рассматриваются такие важные направления, как:

- Актуальные вопросы специального и инклюзивного образования;
- Изучение детей с особыми образовательными потребностями;
- Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями.

Ждем Ваших материалов и надеемся, что все научные статьи, опубликованные в Вестнике, внесут определенный вклад в развитие теории и практики дефектологической науки в Республике Казахстан.

С уважением, главный редактор: канд. психол.наук, доцент **Макина Л.Х.**



НАМАЗБАЕВА ЖӘМИЛЯ ЫДЫРЫСҚЫЗЫ 75 ЖАСТА!

Адамның жан-жақты дамуы – қоғамдық мәдениет байлығын игеру нәтижесінде қоғамның әрбір мүшесінің еңбегі жинақы іске, игілікті әрекетке, ал адам іскер және шығармашыл жеке адамға айналады. Солардың бірі, әрі бірегейі Жәмиля Ыдырысқызы Намазбаева - белгілі бір маңызды іспен айналысатын, өте терең білімі бар, өмірлік тәжірибесі зор, дүниетанымы мен сенімі тұрақты қайталанбас тұлға. Ол өскелең ұрпаққа білім беру, тәрбиелеу жолындағы ізденістер, ойлар, мектептердің даму кезеңдері баяндалған үлкен әріппен жазылған «Ұлағатты ұстаз», ардақты Ана.

Жәмиля Ыдырысқызы Намазбаева 18.08.[1942](#) жылы, [Павлодар облысы Шарбақты](#) ауданы [Галкино](#) ауылында туылған. Еңбек жолын Павлодар медициналық училищесін бітіргеннен кейін, Шарбақты ауданында, Ботабас ауылында акушерлік жұмыстан бастаған. Еңбек ете жүріп, білім алуды жалғастыруды және оны медицинамен, не психологиямен байланысты болу керек деп шешеді. Осылай Мәскеуге барып, Ленин атындағы ММПИ-нің дефектология факультетіне түсіп, оны 1967 жылы үздік аяқтап, 1970 жылы КСРО Педагогика ғылым академиясының аспирантурасын бітіреді.

Аталған институтта оқи жүріп, ой-өрісінің жалпы мәдени тұрғыдан айтарлықтай кеңейгенін және осы мамандыққа деген қызығушылығының пайда болғандығын, оның ішінде психологиялық ғылым мен практикалық психологияға ерекше көңіл бөлгендігін Жәмиля Ыдырысқызы өзінің берген сұхбаттарында жиі еске алады [1].

Институтты тамамдағаннан кейін, сол Мәскеудегі КСРО ПФА Дефектология ҒЗИ-нің күндізгі бөлім аспирантурасына, Лев Семенович Выготский басқарған зертханаға аспирант

ретінде қабылданады. Бұл ғалымның әр түрлі категориядағы балалардың психикасын салыстырмалы түрде зерттеу бойынша әлемдік деңгейде ашқан бірінші зертханасы болатын.

Институт қабырғасындағы, Жәмиля Ыдырысқызының жеке тұлғаны терең зерттеулері үлкен еңбекке ұласты. Алдымен 1970 жылы кандидаттық диссертациясын, содан кейін 1986 жылы «Көмекші мектеп оқушыларының даму тұлғасы» атты тақырыбында КСРО-да бірінші болып, түрлі типтегі балалар мен жасөспірімдердің тұлғалық дамуы бойынша өте бағалы докторлық диссертациясын жоғары дәрежеде қорғайды.

1976 жылы Қазақстанда дефектология ғылымының жаңа кезеңі басталғандығы белгілі, себебі дәл осы жылдың қыркүйек айында елімізде алғаш құрылған Абай атындағы ҚазПИ-де дефектология факультеті ашылды. Ол Жәмиля Ыдырысқызының ерең еңбегінің арқасында жүзеге асты. Аталған факультет Қазақстан және Орта Азия бойынша алғашқылардың бірі болды. Факультетті басқару Қазақстандағы дефектология ғылымының дамуына, қалыптасуына қомақты үлес қосқан ғалым, психология ғылымдарының кандидаты, доцент Жәмиля Ыдырысқызына жүктелді [2]. Сол жылдары Ж.И. Намазбаева өзінің әріптестері, шәкірттерімен бірлесе отырып, ҚР-да дефектология ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосты.

1989 жылы ҚазССР Білім Министрлігі Ж.И. Намазбаеваны «Олигофренопедагогика» кафедрасының меңгерушісі етіп тағайындады. Аталған кафедрада еліміздің білікті ғалымдары қызмет атқарды: М.Ш. Адилова, К.Ж. Бектаева, Г.А. Аужанова, А.Н. Аутаева, Н.Б. Жиенбаева, Г.М. Коржова, А.К. Сатова, Л.О. Сарсенбаева және т.б.

Бертін келе, ҚР-да психологиялық-педагогикалық біліктілікті арттыру мақсатында «Түзету педагогикасы – 19.00.01» және «Педагогикалық психология - 19.00.07» мамандығы бойынша Абай атындағы АМУ-де диссертациялар қорғаудың арнайы Кеңесінің төрайымы ретінде еңбек жолын жалғастырды. Кеңес хатшысы, өзінің білікті шәкірті психол.ғ.к. доцент М.Ш. Абдилова болып тағайындалды. Осы аталған шифрлар бойынша 8 жылда 34 диссертация қорғалды. 2008 жылдан бастап Қазақстанда алғаш ашылған Психология ғылыми-зерттеу институтының [директоры](#) қызметін атқаруда.

Қазіргі таңда Абай атындағы ҚазҰПУ-ң оқу-тәрбиелік үрдісін психологиялық қамтамасыз етілуіне белсенді түрде атсалысуда. Ж.И. Намазбаева өз қызметкерлерімен бірге, білім беру үрдісінің субъектілері үшін, білім беру бағдарламаларын әзірледі. Бағдарламаның құрамында шығармашылық әлеует ретінде, дамытуға бағытталған инновациялық психологиялық-педагогикалық технологиялар енгізілген.

Ж.И. Намазбаева ғылыми зерттеуде көптеген жетістіктерге жетіп, тұлғаның денсаулығы, өзіндік таным, тұлғаның психофизиологиялық мәселелері, тұлғаның теориясын өңдеуде кешенді ықпал жасауда ғылыми мектебінің авторы атанды. Оның жетекшілігімен 50 магистр, 34 ғылым кандидаты, 6 психология ғылымдарының докторы ғылыми жұмыстарын қорғап, ғылыми дәрежелерге ие болды.

Алғаш рет 70-80 жылдары ерекше қажеттілігі бар балаларды және үлгерімі нашар кіші мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің психофизиологиялық негізгі бағыттарын қарастырды. Көмекші мектеп бітіруші сынып оқушыларын әлеуметтік-еңбекке бейімдеу және жеке тұлғалық кешенді әсер ету бағытын жүзеге асырды.

Өзінің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде Халықаралық және арнайы журналдарда мақалалары жарық көрді. 2012 жылы алғашқы авторлық бірлескен ғалымдар Г.Г. Запругаев, Р.К. Луцкинамен бірге «Истоки развития психологии и дефектологии в Казахстане» атты кітабы жарық көрді [2].

Оның түзету психология аймағындағы зерттеуінің әлеуметтік-гуманистік бағытының бір көрсеткіші – ерекше мүмкіндігі бар балаларға арналған мекемелерде «Ырғақ», «Әлеуметтік-

еңбекке оқыту» пәні енгізілді. Қазақстанда алғаш рет оның жетекшілік етуімен, Австрияда өткен ерекше қажеттілігі бар жасөспірім балалар Спешал Олимпикске қатысып, ерекше нәтижеге ие болды.

Оның жетекшілік қызметімен алғаш рет тек ғана біздің елімізде Абай атындағы ҒЗИ-ты дефектология, практикалық психология мәселелелері, психофизиология зерттеу жұмыстары жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Еңбек жолынан өзге, Жәмиля Ыдырысқызының адами қасиеттері туралы атпай кету мүмкін емес. Ол кісі халықаралық деңгейдегі өз ісінің шебері, жарқын мінезді, өмірге құштар адам. Оны шәкірттері жақсы көреді, әрі үлгі тұтады.

Ғылыми зерттеу жұмыстарына тоқталсақ, 160 астам ғылыми еңбектері соның ішінде 4 монография, жоғары оқу орындарына арналған 3 оқулық, 18 ғылыми кешен, 2 сөздіктер оқулығының авторы, 26 мақаласы шет елдерде басылымдарға шықты.

Достары, әріптестері, білім алушы магистранттар мен докторанттар, сондай-ақ «Хабаршы» журналының редакция алқасы Жәмиля Ыдырысқызына мықты денсаулық және жаңа шығармашылық жетістіктер тілейді!

Ғалымның мемлекеттік наградалары және халықаралық ұйымдар бойынша құрметті атақтары:

1. Психология ғылымдарының Докторы, профессор, академик, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Дифференциалды Психология бойынша Дюсельдорф Институтының құрметті профессоры;
2. 1988 жылы - ҚР білім беру ісінің Үздігі, КСРО;
3. 2003 жылы – «ҚР білім беру Құрметті қызметкері» (Төс белгі);
4. 2006 жылы «ЖОО Үздік оқытушысы» (Мемлекеттік Грант Иегері);
5. 2008 жылы «За заслуги в развитии науки РК» (Төс белгісі);
6. 2009 жылы Өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде «Ерең еңбегі үшін» (медаль)
7. 2012 жылы - Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Б. Алтынсарин атындағы төс белгі» (Төс белгі);
8. 2014 жылы «Психологияда ғалымдар мен мамандардың, дамуына зор үлес қосқаны үшін» (мемлекеттік ғылыми стипендия иегері);
9. 2016 жылы – «ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕР» Абай атындағы ҚазҰПУ (Төс белгі).

Арнайы білім беру кафедрасының ұжымы
Абай атындағы ҚазҰПУ

АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

УДК : 376-056.26

МРНТИ: 14.29.00

*Akbota Autayeva*¹, *Nursaya Zhumasheva*²

¹*Scientific supervisor, Candidate of Psychological Sciences, Head of Department of Special Education*
akbota-n@mail.ru

²*the 2nd year master student, major in 6M010500 – Defectology* *nursaya_1994@mail.ru*
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

PROBLEMS OF TRAINING THE TEACHERS FOR WORK IN CONDITIONS OF INCLUSIVE EDUCATION IN PEDAGOGICAL STUDIES

Abstract

The article presents various approaches to the preparation of teachers of comprehensive schools on inclusive education. The concept "psychological readiness of teachers to work in conditions of inclusive education" is revealed as a purposeful, creative, and continuous process of development of professional competence, and the possible results of psychological training of specialists are shown.

Key words: inclusive education, psychological readiness of teachers, teacher's professional competence, components of the teacher's psychological readiness.

Аңдатпа

Аутаева А.Н.¹. Жумашева Н.Ж.².

¹*Ғылыми жетекшісі, психол.ғ.к., доцент, Арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі*
akbota-n@mail.ru

²*6M010500 – Дефектология мамандығының 2 курс магистранты,*
nursaya_1994@mail.ru

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

Педагогикалық зерттеулердегі инклюзивті білім беруге педагогтарды дайындығы мәселелері

Бұл мақалада жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерін инклюзивті білім беру жүйесіне дайындаудың әр түрлі жолдары көрсетілген. «Мұғалімдердің инклюзивті білім беру жүйесінде қызмет етуге психологиялық дайындығы» ұғымы кәсіби құзыреттілікті арттыруға бағытталған, шығармашылық және үздіксіз үрдіс ретінде ашылған.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, мұғалімдердің психологиялық дайындығы, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, мұғалімнің психологиялық дайындығының компоненттері.

Аннотация

Аутаева А.Н.¹. Жумашева Н.Ж.².

¹*Научный руководитель, канд. психол. наук, доцент, заведующая кафедрой специального образования*
akbota-n@mail.ru

²*магистрант 2 курса по специальности 6M010500 – Дефектология* *nursaya_1994@mail.ru*
КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

Проблемы подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования в педагогических исследованиях

В статье представлены различные подходы к подготовке педагогов общеобразовательных школ к инклюзивному образованию. Раскрывается понятие «психологическая готовность педагогов к работе в условиях инклюзивного образования» как целенаправленный, творческий и непрерывный процесс развития профессиональной компетентности и показаны возможные результаты психологической подготовки специалистов.

Ключевые слова: инклюзивное образование, психологическая готовность педагогов, профессиональная компетентность педагога, компоненты психологической готовности педагога.

The purpose of the article is to study the theoretical approaches existing in Kazakhstan and abroad to determine the specificity of the performance of the teacher of inclusive education, to identify problems in this issue, and to establish the specifics of the teachers training for this type of professional career.

The primary and important condition for the development of inclusive practices, in the opinion of Russian researchers (E.L. Agafonova, M.N. Alekseeva, S.M. Dmitrieva, E.N. Kutepova, N.N. Malofeev, N.M. Nazarova, N.YA. Semago, I.M. Yakovleva, etc.) and foreign ones (M. Ainscow, T. Booth, B. Cagran, A. De Boer, J.- R. Kim, A. Minnaert, S.J. Pijl, M. Schmidt, K. Scorgie, etc.) is the training of competent teachers who are able and ready to work effectively with children with disabilities.

Global experience shows that when organizing inclusive education, the requirements for the teachers' performance are increased, their functional responsibilities are expanding. In addition, there is a change in professionally significant and personal features. Under the new conditions, the teacher cannot limit him- or herself to knowledge of the specificity of comprehensive education standards, general education programs and traditional teaching methods. The reliance only on the available pedagogical skills and abilities is clearly insufficient. Active development of inclusive practice requires new didactic models and another organization of teacher training. The identification of the specifics of training the teachers for work in conditions of inclusive education is impossible without a justified analysis of general scientific approaches to the concept of "training." As a result of studying those approaches, we found that when examining the training of teachers for professional performance, researchers rely on different methodological bases: personal-activity, competence, and other approaches.

According to the logic of the personal-activity approach, training is a process of teacher personality's development and transforming his or her professional activity. Thus, the majority of researchers, considering the essence of professional training of teachers, define it as a set of knowledge, skills, abilities, and professionally important personal traits (V.A. Adolf, B.S. Gershunsky, V.I. Zhuravlev, E.F. Zeer, N.F. Ilyina, V.V. Kraevsky, L.S. Podymova, M.N. Skatkin, V.A. Slastenin, A.V. Khutorskoy, etc.). According to this interpretation, training is not limited to the knowledge component only, but also involves the formation of qualitative characteristics, therefore, it must ensure a high level of the teacher's competence and the most favorable conditions for the personality development.

A lot of researchers (V.I. Blinov, V.N. Vvedenskiy, I.A. Zimnyaya, A.B. Leonova, V.T. Myshkina, O.N. Nikitina, V.D. Shadrikov, etc.) note that it is necessary to introduce situations aimed at the self-development of teachers denoting professional training as a process of personal development. The authors proceed from the assumption that only in the conditions of an intensive developing educational environment will independence and educational activity be provided, the teacher's ability to design his or her own educational pathways, which is relevant in the new professional conditions. During such training teachers are changing both in personal and personal-activity development. So, on the personal level individual-personal and moral-psychological traits are formed, which later determine the attitude toward professional career (K.A. Abulkhanova-Slavskaya, B.G. Ananiev, I.A. Zimnyaya, A.N. Leontiev, F.T. Mikhailov, V.V. Stolin, and others). On the personal-activity level future teachers, in addition to the accumulation of knowledge, a system of motives, attitudes, settings is formed that provide an opportunity to effectively perform professional functions (A.A. Derkach, M.I. Dyachenko, L.F. Ivanova, L.A. Kandybovich, and others).

Some scientists (L.N. Gorbunova, A.B. Leonova, E.M. Nikitin, I.P. Tsvelyukh, V.D. Shadrikov, L.V. Shkerina) consider the essence of preparation as a process of transforming the professional activity of teachers. So, according to L.N. Gorbunova and I.P. Tsvelyukh, the result of such transformation should be the formation of a subjective position on the basis of which one can judge the nature of readiness [1].

Named authors distinguish the criteria, the use of which provides an opportunity to establish the teacher's readiness for motivated improvement of professional activity and him- or herself.

The first criterion, distinguished by the researchers is motivational – value. It appears in the desire to transform self experience, construct professional activity, in self-education and cooperation [Also there].

The next (operational-activity) criterion includes the mastery of ways to develop professional knowledge (interiorization) and actualization of professional abilities (exteriorization), as well as improvement of activities (correction of exteriorization).

The last (reflexive-evaluative) criterion is used to determine the difficulties and problems of professional entity, to interpret their causes, to evaluate the results of professional and personal achievements of the teacher.

Each of the mentioned theoretical approaches to the training of teachers, of course, contains a rational grain, requiring consideration in the work with adult students. The criterion proposed by the authors is of great interest for our research, because they reflect the whole structure of readiness, including its personal, value, knowledge, activity and reflective components.

In recent years, the point of view that the teacher's readiness provides with the skills to solve professional problems effectively, i.e. the teacher is competent (the theoretical basis of the competence approach) has spread.

In the context of the theoretical basis of the competence approach, many Russian scientists (V.A. Kozyrev, E.V. Piskunova, N.F. Radionova, A.P. Tryapitsyna, N.V. Chekaleva, etc.) consider training as a process and result of development of professional competence of the teacher.

Thus, A.K. Markova notes that in the process of training the components of the teacher's professional competence should be defined, namely:

Professional (objectively-essential) pedagogical knowledge (gnostic component);

Professional pedagogical positions, teacher's settings required in his or her job (value-semantic component);

Professional (objectively-essential) pedagogical skills (activity component);

Personal characteristics that ensure the mastery of the teacher's professional knowledge and skills (personality component) [2].

L.M. Mitina believes that in the process of preparation three substructures should be formed in the structure of professional competence of the teacher: activity, communication and personal. The activity provides the teachers with pedagogical knowledge, pedagogical means and methods for the realization of pedagogical actions. Communicative substructure implies the development of skills, abilities and ways of creative implementation of pedagogical communication: information, social-perceptive, self-representative, interactive, and affective. The personality structure reflects pedagogical tact, pedagogical reflection, pedagogical orientation, pedagogical thinking and pedagogical goal-setting [3].

The foregoing makes it possible to state that such researchers as A.K. Markova and L.M. Mitina emphasize the formation of the professional competence of the teacher, his or her successful adaptation to a changing world, which contributes to his or her further self-development. This allows us to draw the following conclusions: the content of professional training should be flexible, mobile, and oriented to the current reality. This position, in our opinion, should be taken into account when determining the specifics of teacher training for work in conditions of inclusive education. The training in this field, which lacks flexibility and mobility, cannot be effective, since the very essence of inclusive pedagogical practice requires the restructuring, co-ordination and modernization of one's own professional activity in accordance with the nature of the child's disability, special educational needs and experience of social interaction of each child with disabilities, his or her readiness and the desire to learn together with normally developing peers, and also in accordance with the willingness of a class (group) of the same age to accept a child who has health problems [3,4].

Considering the foregoing, the training of teachers for work in conditions of inclusive education will be viewed as a process of forming the ability to solve professional tasks related to the organization of joint education of children with normal and disrupted development. The result of such training is the formation of teachers' readiness and abilities:

- to understand the philosophy of inclusive education, know the psychological and pedagogical patterns and features of the age and personal development of children with disabilities in an inclusive educational environment, and be able to identify those patterns and features;

- to be able to select the best ways to organize inclusive education, and also design an educational process for joint education of children with normal and disrupted development;

- to apply various methods of pedagogical interaction between all subjects of the correctional and educational process oriented toward the value attitude to the children with disabilities and to inclusive education in general;

- to create a corrective-developing environment in an inclusive educational environment and use the resources of the educational organization for the development of all children;

- to implement professional self-education on the issues of joint education of children with normal and disrupted development.

Summarizing various scientific positions on the issue we consider, it can be noted that while substantiating the training of teachers, scientists present various methodological approaches and theoretical reasons. Among these approaches and reasons are: personal-activity (K.A. Abulkhanova-Slavskaya, V.A. Adolf, V.N. Vvedensky, B.S. Gershunsky, L.N. Gorbunova, E.F. Zeyer, V.V. Krayevskiy, I.P. Tsvelyukh, V.D. Shadrikov, and others), axiological (I.F. Isayev, S.I. Maslov, T.A. Maslova, V.A. Slastenin, L.A. Shipilina, E.I. Shiyarov, and others) and the theoretical reasons of competence (V.A. Kozyrev, A.K. Markova, L.M. Mitina, E.V. Piskunova, N.F. Radionova, A.P. Tryapitsyna, N.V. Chekaleva, and others). In our opinion, in this context only that targeted professional development of three components of readiness is provided for the teachers: motivational-value, operational-activity and reflexive-evaluative.

Training of teachers for work in conditions of inclusive education must:

- have a syncretic nature, that appears in the interconnection and interdependence of the goals, content, technology of organization and functioning of these components as a whole;

- include the motivational-value, operational-activity and reflexive-evaluative components, since their presence in the structure of training will ensure its syncretism and integrity;
- be based on pedagogical values that provide for the formation of personal settings towards the inclusive education and social significance of the organization where the teacher works, which will become an indicator of personal and professional development and motivational and value-oriented readiness of teachers to implement new activities related to inclusive education;
- be featured by flexibility and mobility in its implementation for the timely transformation by teachers' own professional activities and for successful adaptation to changing conditions in the organization of inclusive education;
- provide for the development of professional competence among teachers as an ability to solve significant, socially determined and increasingly complicated tasks that arise when implementing inclusive practice in an educational organization professionally.

Reference list:

1. Gorbunova L.N. *The educational environment of research-oriented advanced training as an innovative system in the field of additional professional teacher education* / L.N. Gorbunova, E.M. Nikitina // *Priorities of the development of the system of advanced training and professional retraining of educators: materials of the jubilee scientific-practical conference* / I.V. Bolshakova; L.N. Gorbunova, editor. – Moscow, 2009. – pp. 272-276.
2. Markova A.K. *Psychology of the teacher's work: textbook for the teacher* / A.K. Markov. - Moscow: Prosvetsheniye Publ., 1993. – p. 192.
3. Mitina L.M. *To the psychologist about the teacher. Personal-professional development of the teacher: psychological content, diagnostics, technology, corrective-developing programs* / L.M. Mitina. - Moscow: Establishment of the Russian Academy of Education "Psychological Institute", Moscow State Pedagogical University, 2010. – p. 386.

УДК: 616.98:578.828

МРНТИ: 14.01.93

Д.К.Байдосова¹

¹*п.ғ.магистрі, аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты.@mail.ru*
Алматы қ.Қазақстан

**БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНДЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ
ТӘЖІРИБЕСІНДЕ – ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ**

Аңдатпа

Мақалада қазіргі таңда заман талаптарына сай білім беру мекемелерінде балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселесіне деген көзқарастар мен ұғымдардың жаңаруы, іс-шаралар аясының кеңеюі заңды құбылыс болып табылады. Білім берудің денсаулық сақтау технологияларын пайдалана отырып балалардың денсаулық сақтау құзіреттілігін қалыптастыру, яғни өз денсаулығын сақтап және нығайту мүмкіншілігін қамтамасыз ету, салауатты өмір салтына қатысты алған білімін және әдебі мен дағдыларын күнделікті өмірінде пайдалануды үйрету өте маңызды екендігі туралы отандық және шет елдік авторлардың еңбектеріне сүйене келе шолу жасалып және талдау жүргізілгені берілген. Сондықтан осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор. Мектепке дейінгі жастағы, әсіресе зият бұзылысы бар балалардың өзіне тән даму ерекшеліктеріне байланысты мұндай дағдыларды меңгеру үшін арнайы ұйымдастырылған педагогикалық көмектің қажет екендігі анық

Түйін сөздер: денсаулық, сақтау, нығайту, денсаулық сақтау технологиялары, балалар, мектепке дейінгі жас, зият бұзылысы.

Аннотация

Д.К.Байдосова¹

*магистрп.н, старший преподаватель, КазНПУ имени Абая,
институт педагогики и психологии. dkdina@mail.ru
г.Алматы. Казахстан*

Теоретический анализ применения здоровьесберегающих технологий в образовательном процессе

В статье приводится анализ исследований отечественных и зарубежных ученых относительно расширения круга мероприятий по проблеме сохранения и укрепления здоровья детей в организациях образования, что является закономерным явлением. Формирование здоровьесберегающей компетенции с помощью здоровьесберегающих технологий, создание для детей условий укрепления своего здоровья, соблюдения

здорового образа жизни, обучение их применять в повседневной жизни соответствующие знания, умения и навыки является очень важным аспектом. Очевидно, что для усвоения таких навыков детьми дошкольного возраста, в особенности детьми с нарушениями интеллекта, в силу особенностей их развития, требуется специально организованная педагогическая помощь. В связи с этим очень важным является проведение научно-исследовательских работ в этом направлении.

Ключевые слова: сохранение, укрепление здоровья, дети, дошкольный возраст, нарушения интеллекта, здоровьесберегающая технология

Abstract

D.K Baydosova¹.

¹master p.n., senior teacher, Kazakh national pedagogical University named after Abay, Institute of pedagogy and psychology. dkdina@mail.ru

Theoretical analysis of using of health-saving technologies in educational process is presented in the article. In the article it is shown that undertaken studies of Kazakh and foreign scientists drives the expansion of circle of events on issue of maintenance and strengthening of health of children in organizations of education. And it's the appropriate phenomenon. Formation of health-saving competence with the help of health-saving technologies, creating conditions for children to strengthen their health, adhere to a healthy lifestyle, teaching them to apply in the daily life of relevant knowledge and skills. It's is a very important aspect. Obviously, for the assimilation of such skills by pre-school children, especially children with intellectual disabilities due to the peculiarities of their development, special pedagogical assistance is required. In this regard, it is very important to conduct research in this direction.

Key words: conservation, enhancement, health, children, preschool age, intellectual disabilities, health-saving technologies

Балалардың денсаулықты күту жайлы білімін, дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру, дамыту үрдісін зерттеу осы тараптағы негізгі түсініктер мен ұғымдарға, сондай-ақ қазіргі кезде педагогика жүйесінде бұл мәселені шешуге деген көзқарастарға талдау жасамай жүргізу мүмкін емес. Біз өз зерттеуімізде ең алдымен «денсаулық», «салауатты өмір салты», «денсаулық сақтау технологиялары» сияқты ұғымдарды қолдандық. Осы терминдер әдебиетте әртүрлі тұжырымдалған. Денсаулық мәселесіне алғаш Ежелгі Үндістан, Греция және Рим философтары назар аударған, бірақ әлі күнге дейін «денсаулық» ұғымының ортақ анықтамасы жоқ, өйткені бұл оның сан қырлылығына және күрделілігіне байланысты. Мысалы, Платон мен Пифагор денсаулықты тепе-теңдік, үйлесімділік ретінде, ал ауруды оның бұзылуы ретінде қарастырған. Дені сау болу үшін адам өзін-өзі танып, дүниедегі орнын және рөлін түсінуі керек деген. Аристотель денсаулық түсінігіндегі жан мен тәннің бірдей маңызды екеніне баса назар аударған. Көне заманның дәрігері Клавдий Гален болса денсаулықты біз ауырудан зардап шекпей, өмір сүрудегі мүмкіншілігіміз шектелмеген жағдай деп сипаттаған. Гиппократ пен Ибн Сина денсаулықтың аса маңызды екенін және адамның бүкіл өмірінің оған тәуелді екенін айтқан. XX ғасырда денсаулық педагогикасының негізін қалаушы И.И.Брехман денсаулықты «адамның физикалық (дене), әлеуметтік, психологиялық үйлесімділігі, басқа адамдармен, табиғатпен, өз-өзімен ізгі ниетті, тыныш қарым-қатынасы» деп тұжырымдаған. Қазіргі таңда Бүкілдүниежүзілік денсаулықсақтау ұйымының (БДҰ) ұсынған тұжырымдамасы қолданылады: «Денсаулық – бұл тек аурудың немесе дене кемістіктерінің жоқтығы ғана емес, тұтас дене, психикалық және әлеуметтік сәттілігі».

Қазіргі замандағы ғылымда дене денсаулығы деп организмнің барлық жүйелері мен мүшелерінің қалыпты қызмет етуіне, аурудың немесе ауру нышандарының бар-жоғына байланысты болатын табиғи жағдайы аталады. Психикалық денсаулық деп ми қызметінің дұрыстығын түсінеді. Ал рухани немесе әлеуметтік денсаулық деп моральдық ұстанымдар, әлеуметтік өмір негіздері айтылады. Яғни біз білім алушылардың денсаулық жағдайына әсерете отырып, тек дене денсаулығын дамытып қоймай, балалардың психикалық жағдайына да қамқорлық етіп, дұрыс әдет қалыптастырып, әлеуметтік тәртіпті сақтауға ықпал етуіміз керек. Шынында да, «денсаулық» ұғымын тек «ауру» түсінігімен шектеуге болмайды. Өйткені, мысалы, адамның бойында қандай-да бір жазып шығару мүмкін емес созылмалы ауруы бар, яғни оны толық дені сау дей алмаймыз, бірақ мұндай жағдайда да адам еңбекке қабілетті және белсенді болуы мүмкін, ол барынша денсаулығын сақтап, салауатты өмір салтын ұстануы қажет. Бұл әсіресе мүмкіншілігі шектеулі жандарға қатысты жағдай. Оқыту үрдісін білім алушылардың денсаулығын сақтай отырып жүргізу технологиялары саласындағы мамандар Смирнов Н.К., Казначеев В.П. оқу үрдісін бала денсаулығына нұқсан келтірмей жүргізуге көп көңіл бөлген. Қазақстандағы білім алушылардың денсаулығы, салауатты өмір салты тақырыбындағы ғылыми еңбектердің авторлары Дүйсембин Қ., Алиакбарова З.М., Исмагулова Ф.А., Төленбеков И.М., сондай-ақ Ормантаев К.С., Ешмұқамбетов С.Н., Бейсеева Г.Б., Сәулебекова М. да осы мәселелерді өз еңбектерінде көтерген. Келтірілген «денсаулық» ұғымының көптеген тұжырымдамаларының ішінде біздің зерттеуіміз үшін ең

жақыны құндылықты-әлеуметті күлгі деп санаймыз, ол бойынша денсаулық адамның әлеуметтенуінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Оның анықтамасын педагог С.М.Каракотова өз еңбектерін деуісінған, ол зият кемістігі бар балаларда қолдануға әсіресе оңтайлы болып келеді. Автордың пікірінше, денсаулық адамның қоршаған ортасына және өзінің мүмкіндіктеріне бейімделе білу, сыртқы және ішкі тері сықпалдарға, ауруларға, бұзылыстарға қарсы тұру, өзін-өзі сақтау, толыққанды өмір сүру мүмкіншіліктерін кеңейту, яғни өз жағдайын жақсарта білу қабілеті болып табылады.

Осы құрамдас бөліктерді біз баланың әлеуметтену және бейімделу немесе икемделу үрдістері дейміз. Сыртқы ықпалдарға экологиялық, экономикалық және әлеуметтік жағдай жатса, ішкі факторларға биологиялық ықпалдар

Және адамның өзінің жүріс-тұрысы, өмір салты жатады. Сонымен, адам әр-түрлі жағдайда өз денсаулығын сақтап, нығайту дағдыларын меңгеріп,

Соған лайықты өмір салтын қалыптастыра білуі керек. Әрине,

Денсаулықтың биологиялық мәні зор, алайда педагогикалық тұрғыдан алғанда адам денсаулығын күтудегі немесе бүлдірудегі оның өз рөлі өзекті болады.

Өсу мен даму заңдылықтары әлеуметтік, экономикалық, санитарлы-гигиеналық және басқа да жағдайларға едәуір тәуелді. «Дене дамуы» түсінігін әртүрлі авторлар әртүрлі түсіндіреді. Мысалы, белгілі антрополог В.В. Бунак мынандай анықтама береді: «Дене дамуы дегеніміз бір рет сынап көргенде және ұзақ әсер еткенде байқалатын организмнің дене күшін, қосынды жұмыс тиімділігін анықтайтын оның дене қабілетінің белгілі бір шартты өлшемі». В.Н. Левин бұдан кеңірек анықтама береді, ол дене дамуы түсінігін «дене жағдайы» терминімен алмастырады және денсаулық жағдайына, физиологиялық және функционалдық көрсеткіштерге кешенді баға беруді меңзейді. Ал В.Г. Властовский «дене дамуы» деп организмнің биологиялық дамуының жасқа сай деңгейін сипаттайтын морфо-функционалдық белгілердің кешенін ұғынады. А.Г. Апанасенко «дене дамуы» түсінігін кеңінен қарастырады, ол әр адам әлеуметтік бірлік ретінде 3 аспектіден қарастырылуы тиіс деп есептейді: әлеуметтік-психологиялық, органикалық (морфо-функционалдық) және жыныстық. Дене дамуын бағалауды тек бойы мен салмағының көрсеткіштерін бағалауға әкеп тіреу әдіснамалық тұрғыда дұрыс емес дейді, өйткені бұл жағдайда тек қана бір аспект сипатталады. Дене дамуын сипаттауда А.Г. Апанасенко дене салмағының бір килограммына шаққандағы функционалдық параметрлерді дұрыс деп санайды. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі. Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибеиесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке-дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды. Кейде дене мен ақыл-ой жетілуі, қозғалыс аппараты мен ішкі мүшелердің функционалдық ұйымдастырылуы, яғни биологиялық жасты сипаттайтын барлық көрсеткіштер календарлық жаспен сәйкес болмайды. Шамамен 30% балалар өз дамуында құрбы-құрдастарынан озып кетсе, шамамен 15- 20% артта қалады. Осыған байланысты календарлық жасы бірдей балалардың дене және ақыл-ой жүктемесіне және тіршілік ортасының ықпалдарына деген әсері кейде әртүрлі болып жатады. Биологиялық жас критерийлері мынандай: 1) екіншілік жыныс белгілерінің даму дәрежесі; 2) қаңқа жетілуі (қаңқаның сүйектену реті мен мерзімдері); 3) тістердің жетілуі (сүт тістері мен тұрақты тістердің шығу мерзімдері). Тістердің шығу мерзімі қаңқа остификациясы мен екіншілік жыныс белгілерінің пайда болуына қарағанда тұрақты және сенімді көрсеткіш болып табылады деп есептеледі. Өсу барысында сандық өзгерістер сапалық өзгерістерге ауысады, бұл бойдың өсуінің тоқтап, салмақ қосуынан білінеді. Қазіргі таңда дәрігерлер, психологтар, әлеуметтанушылар, педагогтар тұрғындардың денсаулығын сақтау мәселелерін зерттеуде. Осы мәселенің мәнін жете түсіну үшін «денсаулық» анықтамасына толығырақ үңілу қажет. Сонымен, «денсаулық» түсінігінің анықтамасының және адам ағзасының бейімделу сипаттамаларының әртүрлілігіне қарамастан, авторлардың көбісі оның құрылымындағы 3 негізгі құрамдас бөлікті бөліп шығарады: физикалық, психикалық және әлеуметтік. Әр компонент адам организмнің жағдайын, үрдістерін және өзара қатынасын, сонымен қатар сыртқы ортамен тепе-теңдігін сипаттайды. А.Г. Сухарев дене денсаулығын үш өлшеммен бағалауды ұсынды :

1. Өсу мен даму процестерінің қоғамның әлеуметтік қажеттілігі мен биологиялық заңдылығына сәйкестігі;

2. Ағзаның функциональді мүмкіндігін көрсететін жұмысқа қабілеттілік деңгейі;

3. Созылмалы ауру мен дене ақаулығының бар болуы және ағзаның резистенттілік (қарсы тұру) деңгейі. Дамыған батыс елдерінің көпшілігінде 1990 жылы «Health Related Physical Fimas» (HRPF), яғни «физикалық жағдай», «физикалық кондиция» туралы бағдарлама қабылданған. Ол «зайырлылық ауруларының» пайда болуы адамның дене белсенділігінің деңгейімен тығыз байланыстылығын көрсететін теориялық және практикалық зерттеулерге негізделген Біздің елімізде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 13 қаңтардағы № 13 Бұйрығымен бекітілген "Білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарын күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық ережесі қолданылады. Осы құжат білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарын жобалауға, құрылысына, реконструкциялауға, жер учаскесіне, ғимаратқа, үй-жайларды күтіп ұстауға, жөндеуге және пайдалануға енгізуге, жабдықтауға, тамақтандыруды ұйымдастыруға, ауа-жылу режиміне, табиғи және жасанды жарықтандыруға, сумен жабдықтауға және кәрізге, медициналық көмек көрсетуге және гигиеналық тәрбиеге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қамтиды. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығына жан-жақты жағдай жасалуын қамтамасыз етеді. Өмір салты дегеніміз – бұл адамның әлеуметтік, мәдениеттік, материалдық, кәсіптік жағдайына байланысты күнделікті өмірінде ұстанатын тіршілік ету тәсілі. Өмір салты тұлғалық бағытты сипаттайды. Академик Ю.П. Лисицын адам денсаулығы 50-55%-ға өмір салтына, 25%-ға экологиялық факторларға, 20%-ға тұқым қуалаушылыққа және 10%-ға медициналық қамтамасыз етілуге байланысты деген.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, ҚР-да 2013 жылда 0-14 жас аралығындағы 100000 балаға шаққандағы ауру түрлері бойынша сырқаттанушылық көрсеткіші мынандай болып отыр: қан жасаушы жүйе аурулары – 4577.3; эндокринді аурулар, тамақтану бұзылыстары мен зат алмасу бұзылыстары – 1114.4; психикалық және мінез-құлық бұзылыстары – 132.8; жүйке аурулары – 3096.4; көз аурулары – 3101.3; құлақ аурулары – 2477.7; қанайналым жүйесінің аурулары – 337.5; тыныс жүйесінің мүшелері – 55095.8; асқорыту мүшелерінің аурулары – 6124.8; тірек-қимыл жүйесінің аурулары – 817.0; несеп-жыныс мүшелерінің аурулары – 1403.4; туа біткен ақаулар, хромосомдық аурулар – 1060.7. Мектеп бітіруші түлектердің тек 5% мүлдем сау болып табылады. Қазақстан Республикасында (ҚР) соңғы 5 жылдың ішінде мектеп оқушыларының жалпы сырқаттанушылығы 22%-ға өсті, соның ішінде анемия – 2,5 есе, асқорыту жүйесінің аурулары 2 есе, тыныс мүшелерінің аурулары 1,5 есе, эндокриндік аурулар және тамақтану бұзылыстары 1,4 есе, жүйке жүйесінің аурулары 1,5 есе, жарақаттар мен уланулар 1,2 есе артқан. Қажетті деңгейде қалыптасқан білім балаға практикалық мәселелерді шешуге, жаңа әрекет-дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Дұрыс білім дұрыс әрекет жасауды таңдауға көмектесу үшін мотивация қажет екені белгілі. Оң мотивацияның жеткіліксіздігінен бірқатар балаларда оқу, білім алу еңбегі мәжбүр, жат сипатта болады да, сондықтан денсаулыққа зиян әсерін тигізеді. Бірқатар авторлардың пікірінше салауатты өмір салтын сақтау үшін балада денсаулықты құндылық есебінде түсінік қалыптастыру қажет. Құндылық тек тұлғаны қызықтыратын болса ғана, ынталандыру күшіне ие болады.

Көп жылдар бойы денсаулық сақтау мәселесі тек медицина саласында шешіліп келді. Қазіргі таңда оны шешуге бүкіл қоғамның назары аударылған. Бұл тек қана ауруларды емдеу қажет емес, адамды өз денсаулығын сақтауға және күшейтуге үйрету қажеттігі туралы ой-пікірлердің нығаюына байланысты. Салауатты өмір салтының бірнеше құрамдас бөлігін анықтауға болады: күн тәртібі, еңбек пен демалыс тәртібі; ұйқы; дұрыс тамақтану; қимыл белсенділігі; шынығу; зиянды әдеттерден аулақ болу. Салауатты өмір салты тіршіліктің барлық тарапында іске асырылуы тиіс – еңбекте (оқуда), қоғамда, жанұя мен тұрмыста, демалыста. XX ғ. басында алдыңғы қатарлы ғалымдарда балада салауатты өмір салтын қалыптастырудағы білім беру саласындағы мекемелердің рөлі жайлы ғылыми негізделген көзқарасы пайда болды: И.А.Василенко, Г.К.Зайцев, В.В.Колбанов, Ю.Д.Косарева, Н.К.Смирнов, Л.Д.Старикова, Л.Г.Татарникова, О.Е.Школа. В.В. Колбановтың пікірінше, денсаулық педагогикасы – бұл адам денсаулығын сақтау мен нығайтудың заңдылықтары, әдістері мен тетіктері жайлы ғылым мен тәжірибенің жаңа интегративті саласы, кешенді оқу пәні. Оның мақсаты жеке бас денсаулығын қалыптастырудың жолдары мен тәсілдерін іздестіру болып табылады. Дефектолог В.М.Мозговой «ақыл-ой кемістігі бар білім алушының өз денсаулығын күту мен сақтаудағы ынталандырушы жағдайды, қажеттілік пен дағдыларды тәрбиелеу» керектігіне көңіл бөлген болатын. Оқыту жұмысының Г.К. Зайцев тұжырымдаған бағыттарының арасынан біз зият кемістігі бар балалар үшін әсіресе өзектілерін бөліп шығардық:

- өз денсаулығын басқаруға даярлығын қалыптастыру;
- өз организмінің жағдайын білу;

•ынталану компонентін қалыптастыру.

Н.К.Смирнов денсаулық педагогикасының 3 тарауын бөліп шығарған :

-жеке бас денсаулығын сақтау;

-түзете-қалпына келтіру бағдарламасы;

-сауықтыру.

Сонымен қатар автор келесі жұмыс бағыттарын атап өткен:

-оқыту бағыты, денсаулық сабақтары;

-ағартушылық бағыт, ол тәрбиелік және мотивациялық міндеттерге арналған;

-ұйымдастырушылық бағыт, ол оқу мекемесінде білім алушылар мен ұстаздар денсаулығын сақтап, нығайта түсуге мүмкіндік беретін жағдай жасауға арналған;

-кадрлік, оған білім беру мекемелері үшін педагогтар дайындау кіреді.Зерттеуде осы бағыттарды ұстанылды.

Ичаловская Е.А. ғылыми басылымдарында Л.М. Митина мен Е.Иванованың мұғалімдердің зерттеу жұмыстарын қарастырған. Олардың пайымдауына, 76% -ы студенттерді схематизациялау арқылы күрделі педагогикалық жағдайға бейімделуді жеңілдетуге тырысады. Екі белгі бойынша - академиялық жетістік пен тәртіпті басшылыққа ала отырып, мұғалімдер өздерінің барлық оқушыларын бес түрге бөледі. Бірінші типті оқушылар қабілетті, адал және мұғаліммен жұмыс істейтін, екінші - қабілетті, бірақ күрделі (яғни, тәртіпсіз, жүйелі түрде жұмыс істемейтін), үшіншіге қабілетсіз, бірақ жағымды адамдық қасиеттерге ие, төртінші - проблемалық және бесінші - студенттердің сәл сараланған тобы. Тиісінше, студентке деген көзқарас оның жеке басымен емес, белгілі бір топқа тиесілі болуымен анықталады. Мәселен, бірінші топтағы оқушыларға мұғалімдер әдетте мақтанш пен сенімділікпен қарайды, оларға сенім артады және оларға көмектеседі. Мұғалім екінші топтағы студенттерді бағалайды, бірақ оларға сенбейді, олармен қақтығысады. Үшінші топтағы оқушылардан мұғалім үлкен жетістіктерді күтпейді, бірақ оларды жақсы бағалайды және оқудағы нәтижелерді азайтпауға көмектеседі. Төртінші топтағы оқушылармен қарым-қатынастың негізі, әдетте, кикілжің мен қарама-қайшылықтардан тұрады. Ал бесінші топтағы балаларға мұғалімнің көңілі мүлдем аумамайды. Әрине, мұндай қатынастар соңғы екі топқа жататын оқушыларға зиянды әсер етеді. Бұл типті жақсы оқитын оқушыларға да өзінің кері әсерін тигізеді. Үздіксіз жақсы оқитын оқушыларды қолдау, олардың елгілі бір танымдық эмоционалды қиындықтарды жеңуге өзінің кедергісін келтіреді, ал 2-ші топтағы оқушылар көбінесе сөзге келіспей, жанжалдасуының арқасында 4-ші топтағы оқушылар қатарына өтіп кетеді.[5].

Сонымен қатар эмпатияның деңгейі қаншалықты оқу үрдісіне әсері туралы зерттеген ғалымдар аз емес. Оның ішінде біз Л.С.Славинаның оқушыларға деген эмпатиялық емес қарым-қатынастың салдарын атап өткенін көрсете аламыз. Педагогикалық әсердің жетістігі, оның пікірінше, ең алдымен оқушылардың жағымсыз қасиеттерінің пайда болуына ошағының нақты себебінің табылғанына байланысты. «Оқушылардың кері тәртібі бірдей сипатта болғанымен олардың ошағы әр түрлі болуы мүмкін, осыны оларды қайта тәрбиесу барысында есепке алу қажет». Оны ажырататын бұл жерде тек эмпатия болып табылады. Егер, ажыра алмаған жағдайда, оқушы мен мұғалім арасында «ойша тосқауыл» қалыптасып, оқушыға әсер ету мүмкіндігі болмай қалады. Көбінесе «семантикалық тосқауыл» мұғалім тек сыртқы нәтижеге назар аударып, негізгі себепке назар аудармай, оқушыны өз ниеттеріне сүйеніп отырып осылай етуге талпындырса, стереотипті түрде әрекет етсе пайда болады. Біреудің мотивациясымен келіспейтін оқушы түсініксіздік пен әділетсіздік сезімінен туындаған реніш туындатқан педагогикалық ықпалға кейде агрессиямен байланысты осындай жауап береді. Сол ғалымдар қатарындағы А.Е. Штейнметтің айтуынша, эмпатиясы дамымаған мұғалімдер жиі педагогикалық қателіктерді жіберіп, әділетсіз жазалауға немесе моральдық әрекетке барады. Олар баланың орнына өзінкөя алмайды, өздері үшін маңызды тәжірибе әлеміне бағынады, демек оның психологиясын түсінбейді.[5].

С.Б. Борисенко, беткеұстар, алайда біреуді қабылдауы төмен дәрежедегі педагогтар қатарын зерттей келе, олардың балалармен қарым-қатынасы жақсы болғанымен, оқу үрдісінде алға қойған мақсаттарына сирек жететініне көз жеткізді. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру үшін мұғалім оқушының ұстанымын біліп қана қоймай, оны сезіне білу маңызды, яғни, эмпатияны білдіруі тиіс.[2].

Педагогикалық процесте эмпатияны белсенді пайдалануға не кедергі? Бұл сұраққа К.Роджерс былай жауап берді: «Адамға сену оңай емес. Біз ұсынған жол өте қиын. Бұл біздің ойымызды, біздің өмір сүру жолымызды, оқушылармен қарым-қатынасымызды өзгертуді талап етеді. Мұныңбәрі, әрине, жекежәнеұжымдықтүрдемына сұрақты қоюға әкеледі: бұны өзгертуге батылдығымыз жете ме?» [3].

Педагогикалық эмпатияның құрылымы келесі компоненттермен сипатталады: эмоциялық (эмоционалды және мейірімділік басқа эмоционалды жағдайға қатысу, серіктес әлеміндегі эмпатия, эмоционалды сәйкестендіру, дамыған назар аудару, есте сақтау, дамыған қиял, жолдасыңның мінез-құлқын алдын ала білу қабілеті); когнитивтік (өз тәжірибесін жүзеге асыру арқылы басқа тұлғаның эмоционалды жағдайын түсіну, реинкарнация, интегралдау, басқа біреуді құнды қабылдау, белсенді эмпатикалық тыңдау, рефлексия); мінез-құлықтық (өздерінің шынайы өздігімен сәйкес келу қабілеті, ауызша және ауызша емес формаларда өз тәжірибелерін түсіну, басқалардың игілігі үшін қызығушылығын жоғалтпау, оның коммуникативтік іс-әрекетіндегі бар кемшіліктерді түзету ниеті).[5].

Күрделі мәселелерді шешу эмпатияның даму деңгейіне байланысты.

Эмпатиясы жоғары деңгейдегі педагогтар басқалардың мүдделері мен тәжірибелерін ескере отырып, жанжалды шешудің конструктивті жолдарын таңдап, тиімді көмек көрсетуді, қарым-қатынастарды дамытуды көздейді.

Эмпатияның төмен деңгейінде мәселені шешу барысында деструктивті немесе пассивті тәсілдер қолданылады.

Біз инклюзивті және жалпы білім беретін мектептердің (40 адам) мұғалімдерінен эмпатиялық қабілетінің деңгейін анықтайтын арнайы диагностика құрастырып (А. Магребяныңтестіне жүгіне отырып жасалды), жүргіздік.

Оны жүргізу барысында «Эмоционалды жауап беру шәкілі» (Balanced Emotional Empathy Scale — BEES) атты әдістеме қоланылды. Бұл сынақты Альберт Меграбян (Albert Mehrabian) деген профессор жасаған. Бұл әдістеме эмоционалды жауап қайтару деңгейін, яғни эмпатияны анықтауға бағытталған.[6].

Бұл сынақта 12 сұрақ ұсынылады. Әрбір сұрақта жауаптың 4 нұсқасы бар (келіседі (әрдайым), жартылай келіседі (жиі), онша келіспеймін (сирек), келіспеймін (ешқашан)). 4-тен 25 ұпайға дейін жинаған 1 адам (инклюзивті мектеп), бұл эмпатияның төмен деңгейін көрсетеді. Бұндай педагогтар топ арасында өзін ыңғайсыз сезінеді, басқа тұлғалармен қарым-қатынас орнатуда қиындықтар туады. Балалардың жеке өміріне еш қызығушылық танытпайды. Өз билігін жүргізеді. 26-дан 39 ұпайға 36 адам ие болды, бұл эмпатияның орташа деңгейін көрсетеді. Бұндай педагогтар басқа адамдарды істеген жұмышына байланысты бағалайды, ішкі жеке әсерлерге берілмейді. Өзін-өзі ұстау дәрежесі жоғары. 40 ұпайдан асқан тек 3 адам ғана (инклюзивті мектептен - 1

адам, жалпы білім беретін мектеп - 2 адам). Жоғары деңгейлі эмпатия басқалардың қажеттіліктері мен проблемаларына сезімтал болуға, жомарт болуға және кешіре білуге мүмкіндік береді. Ондай мұғалімдерге оқушының ішкі жан дүниесін білу бірінші орында тұрады. Оқушылармен тез қарым-қатынасқа түседі. Жиналған мәліметтердің негізінде біз, мұғалімдердің 90% -да орта деңгейдегі эмпатия екендігін аңғардық. Инклюзивті және жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдері үшін бұл деңгей жеткіліксіз. Біздің болжамымыз бойынша, осы мұғалімдердің жартысынан көбінде эмпатияның жоғарғы деңгейі болуы тиіс еді. Алайда, ол көрсеткіш байқалмады.

Қорытынды келетін болсақ, талданған мәліметтердің негізінде біздің алдымызда педагогтардың эмпатиялық қабілетін арттыру деген міндет тұр. Бізге дейінгі зерттеушілер әлеуметтік-психологиялық тренинг аясында мұғалімдердің эмпатикалық қабілеттерін дамыту арқылы осы жағымсыз аспектілерге ықпал ету әрекеттерін жасады. Біздің ойымызша, бұл зерттеулер эмпатикалық қабілеттерінің құрылымының ерекшеліктерін толығымен ескермеген, сондықтан бұл мәселе егжей-тегжейлі әзірлеуді қажет етеді. Тәжірибелік қабілеттерді дамыту оқыту тренингтері мен жаттығу тобының көмегімен жүзеге асады. Біз жүргізген зерттеу жұмысы осының бастамасы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Интернет-ресурс: <https://kk.wikipedia.org/>
2. Борисенко С. Б. Методы диагностики и формирования эмпатии у учителей: Автореф. канд. дис. Ворошиловград, 1988.
3. Ваганова О. И., Быстрова Н. В. Формирование педагогической эмпатии у бакалавров профессионального обучени // Концепт. – 2015.
4. Rogers C. On becoming a person. Boston Houghton Mifflin, 1961.
5. Ичаловская Е.А. /Эмпатия в деятельности педагога 2013г
6. Mehrabian, A. (1996). Manual for the Balanced Emotional Empathy Scale (BEES). (Available from Albert Mehrabian, 1130 Alta Mesa Road, Monterey, CA, USA 93940).

УДК: 376-056-264

МРНТИ: 14.29.29

Г.Н.Тулебиева,¹ Г.Н.Қасымжанова²

¹п.ғ.магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет. Қазақстан Республикасы. Алматы қаласы grl_60@mail.ru

²п.ғ.магистрі, аға оқытушы, Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университет. Қазақстан Республикасы. Алматы қаласы. gulnar2701@mail.ru

ТАҢДАЙ - ЖҰТҚЫНШАҚ АППАРАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТЫ ЖӘНЕ ПАТОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА СӨЙЛЕУ ТІЛІ МЕН ДЫБЫС АЙУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ

Андатпа

Қазіргі таңда баланың дамуындағы туа біткен ақаулар мәселесі жаһандық болып табылады. Солардың ішінде таңдай-жұтқыншақ аппаратының дамуындағы ақаулар ерекше орын алады. Бұл мәселе Өзбекстанда, Украина, АҚШ, Ресей, Қазақстан, Япония және тағы басқа аумақтарда зерттеліп келеді. Яғни, бұл бүкіл әлемдік деңгейде зерттелініп келе жатқан мәселелердің бірі деп айтуымызға болады.

Туа біткен жарықшалар бала ағзасының қалыптасуына және жоғарғы психикалық функцияларының дамуына кері әсерін тигізеді. Науқастар өз ауытқуларын орын басатын ерекше жолдарын табады. Соның нәтижесінде артикуляциялық аппарат бұлшық еттерінің өз ара байланысы дұрыс қалыптаспайды. Мектеп жасына дейінгі ринолалиясы бар балалардың таңдай - жұтқыншақ аппаратының қалыпты және патологиялық жағдайында сөйлеу тілі мен дыбыс айуының бұзылуы ерекше орын алады.

Түйін сөздер: ринолалия, таңдай - жұтқыншақ аппараты, патология, оқшаланған жарықтар, жұмсақ таңдай, артикуляция.

Аннотация

Тулебиева Г.Н.¹, Қасымжанова Г.Н.²

¹магистр п.н., старший преподаватель, КазНПУ имени Абая.. grl_60@mail.ru

²магистр п.н., старший преподаватель, КазГосЖенПУ.

Республика Қазақстан. г.Алматы.

Нарушение речи и звукопроизношения у детей с расщелинами небо-глоточного аппарата

В статье рассматривается проблема нарушения речи и звукопроизношения у детей с расщелинами небо-глоточного аппарата.

Актуальность статьей объясняется тем, что на сегодняшний день количество детей данной категории растет. Проблема врожденных аномалий приняла всемирный масштаб. Исследования проводятся учеными многих стран (США, Япония, Узбекистан, Россия, Украина и др.). Врожденные аномалии отрицательно влияют на формирование организма в целом, а так же на развитие высших психических функций. Больные находят особые пути компенсации своего дефекта. В результате чего взаимосвязь мышц артикуляционного аппарата формируется неправильно. Проблема нарушения речи и звукопроизношения при нормальном и патологическом состоянии небо-глоточного аппарата у детей с ринолалией требуют особого внимания.

Ключевые слова: артикуляционный аппарат, расщелина, мягкое небо, патология, ринолалия, артикуляция.

Abstract

G.N.¹Tulebiyeva., G.N.²Kasymzhanova

¹ master of pedagogics, senior teacher, KAZ,NPU named after Abay. grl_60@mail.ru

² master of pedagogics, senior teacher, KazSWU

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Violation of the speech and sound pronunciation at children with crevices of the palatal and pharyngeal device

In article the problem of violation of the speech and sound pronunciation of children with crevices of the palatal and pharyngeal device is considered. The relevance article is explained by the fact that today the number of children of this category became more. The problem of congenital anomalies has accepted the world scale. Researches are conducted by scientists of many countries (the USA, Japan, Uzbekistan, Russia, Ukraine, etc.). Congenital anomalies negatively influence formation of an organism in general, and also development of the highest mental functions. Patients find special ways of compensation of the defect. Therefore the interrelation of muscles of the articulation device is formed incorrectly. The problem of violation of the speech and sound pronunciation at a normal and patologiichesky state of the palatal and pharyngeal device at children with a rinolaliya require special attention.

Keywords: articulation, crevice, Vellum, Uvula. Palatum., pathology, rhinolalia,

Отандық және шетелдік әдебиеттерінде сөйлеу тілі бұзылыстар арасында ринолалияны клиникалық түрі күрделі бұзылыс ретінде қарастырады. Ринолалия- сөйлеу аппаратының анатомиялық-физиологиялық құрылымының ақаулықтарымен шартталған дыбыс айтуы мен дауыс тембрінің бұзылуы. Ринолалия кезінде дауыс тембрі, артикуляция мен фонация мұрындық ренкте болады, сонымен қалыпты жағдайдан ерекшеленеді. Экологиялық жағдайдың нашарлауына, отбасыларының тұрмыстық жағдайы төмендеуіне қатысты туа біткен жарықшалары бар балалардың саны ұлғаюда. Сондықтан бұндай балаларды ерте анықтау және оларға кешенді медициналық, педагогикалық, психологиялық, логопедиялық көмек көрсету қажет.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы заңдарына сүйене отырып, сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға жан-жақты көмек көрсету жүйесі қолға алынған [1, 2,3].

Сөйлеу тілі бұзылыстарының арасында ринолалия кең таралған бұзылыс. Ринолалияның жиі кездесетін және қиын ажыратылатын түрі – ашық ринолалия көбірек кездеседі. Логопедиялық тәжірибеде ауытқудың осы түрі көптеген қиындық туғызады. Туа біткен жарықтардың баланың физикалық және сөйлеу тілінің дамуына тигізетін кері әсері зор.

Ринолалиясы бар балалардың сөйлеу тілі және дыбыс айту ерекшеліктері әліде зерттеуді талап ететін мәселенің бірі. Сонымен қатар осы бұзылысты түзету бағытына арналған қазақ тілінде әдістемелер жоқтың қасы. Ал, орыс тілінде зерттеулер мен әдістемелер көп болғанымен оны қазақ тілінде қолдану мүмкін емес. Себебі қазақ тілі фонетикалық, орфоэпиялық жағынан ерекшеленеді. Сондықтан сөйлеу тілі ақаулықтарын жоюға бағытталған әдістерді құруды талап етеді. Бұл отандық логопедияның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында туа біткен ерін және таңдай жарықшаларының таралуы туралы бірыңғай көз қарас жоқ .

Туа біткен ерін мен таңдай жарықтарымен (ТБЕТЖ) туылған балалардың саны атмосфералық ауасы ластанған аймақтарда жоғары болатынын отандық ғалымдардың зерттеулерінде айтылған. ТБЕТЖ туылу қауып қатерін, генетика мен қоршаған ортаның бір бірімен тығыз байланысы үнемі зерттелуде. Ғалымдардың зерттеулері бойынша химиялық мұнай және мұнай шығаратын өнеркәсіп жақсы дамыған аймақтарда туа біткен ерін мен таңдай жарықтарымен туылған балалар саны 1:200 дан 1:694 дейін құрайды [4]. Әрине, сондықтан осы балаларға кешенді көмек көрсету, оңалту мәселелері медицина және арнайы педагогика саласының қазіргі таңда өзекті мәселесінің бірі болып тұр.

Таңдай қалыпты жағдайда – мұрын, ауыз қуыстарын және жұтқыншақты бөліп тұратын қалқанша бар. Ол қатты және жұмсақ таңдайдан құрылады. Қатты таңдайдың негізін сүйек құрайды. Оның алды мен жан-жағын (шетін) жоғарғы тістер мен жақ сүйектің альвеолярлы өскіні, ал артын жұмсақ таңдай қоршайды. Қатты таңдай сілекей қабығымен жабылған. Таңдайдың кескін үйлесімі мен жоғарлығы резонансқа әсер етеді.

Жұмсақ таңдай мұрын және ауыз қуыс арасындағы қалқанның артқы бөлігі болып табылады. Жұмсақ таңдай бұлшық еттен құрылған. Оның алдыңғы үштен бір бөлігі қозғалмайтын, ортаңғы бөлігі сөйлеу процесіне ең белсенді қатасатын, ал артқы бөлігі- қыналу, жұтынуға қатысады. Көтерілген кезде жұмсақ таңдай ұзарады. Бұл жағдайда оның алдыңғы үштен бір бөлігі жіңішкіреді, ал артқы бөлігі жуарады.

Анатомиялық және функционалды жұмсақ таңдай жұтқыншақпен байланысты, таңдай-жұтқыншақ механизмі тыныс алуға, жұтынуға, сөйлеу тіліне қатысады.

Тыныс алу кезінде жұмсақ таңдай төмендетіліп, жұтқыншақ пен ауыз қуыс арасындағы саңылауды жартылай жауып тұрады. Жұтыну кезінде жұмсақ таңдай созылып, көтеріледі де жұтқыншақтың артқы керегесіне жақындайды. Бұл кезде жұтқыншақта оған қарай жылжиды да таңдаймен ұштасады. Сонымен қатар басқа да бұлшық еттер: тіл, жұтқыншақтың шеткі керегелері жиырылады.

Сөйлеу кезінде бұлшық еттердің өте тез жиырылуы қайталанады, ол жұмсақ таңдайды артқа және жоғары қарай жұтқыншақтың артқы керегесіне жақындатады. Жұмсақ таңдай көтерілген кезде Пассаван валигімен мен ұштасады. Бірақ, осы валиктің таңдай-жұтқыншақ қабысуына қатысы бар екені жайында әдебиеттерде әр түрлі пікір айтылады. И.И. Ермакованың айтуы бойынша, туа біткен жарықтары бар адамдарда Пассаван валигінің қалыптасуын өте сирек байқауға болады. Сөйлеу кезінде жұмсақ таңдайдың төмен және жоғары жылжуы өте тез: мұрын-жұтқыншақтың ашылу немесе жабылу уақыты 0,01сек. 1секундқа дейін созылады. Оның көтерілу деңгейі сөйлеу тілінің жылдамдығына, айтылып жатқан фонемаларға байланысты болады. Таңдайдың максималды көтерілуі *a* және *c* дыбыстарын айтқан кезде, ал ең көп шиеленісуі *u* дыбысын айтқанда байқалады. Бұл шиеленісу *u* дыбысын айтқанда азаяды да, *a, o, э* дыбыстарын айтқанда едәуір азаяды.

Жұтқыншақ қуысының көлемі әр түрлі дауысты дыбыстардың фонациясы кезінде өзгереді. *И* және *у* дыбыстарын айтқан кезде жұтқыншақ қуысының көлемі ең үлкен болады, *a* дыбысын айтқан кезде кішкене азаяды, ал *o* және *э* дыбыстарын айтқан кезде алдыңғы атаған дыбыстар көлемінің арасында болады. Үрлеу, жұту, ысқыру кезінде жұмсақ таңдай фонация кезінен де жоғары көтеріліп, мұрын-жұтқыншақты жабады. Бұл кезде жұтқыншақ тарылады. Бірақ сөйлеу және сөзсіз әрекет кезіндегі таңдай-жұтқыншақтың қабысу механизмі әр түрлі болады. Сонымен қатар жұмсақ таңдай мен жұтқыншақ арасында функционалды байланыс бар. Ол байланыс таңдай пердесінің азғантай болса да өзгерісі дауыс перделерінің қалпына әсер ететінімен көрінеді. Ал жұтқыншақтың тонусының көтерілуі жұмсақ таңдайдың өте биік көтерілуіне әкеліп соғады.

Туа біткен таңдай жарықтары бұндай байланысты бұзады. Таңдай ауытқулары әр түрлі болады. Әдебиетте бұл ауытқудың көптеген топтастыруы кездеседі. Бірақ жарықтарды екі негізгі түрге бөлуге болады: оқшаланған және ашық.

Оқшаланған жарықтар таңдайды екіге бөледі. Олар кішкентай тілшікті (бөбешікті), жұмсақ таңдайдың бір бөлігін немесе тұтас жұмсақ таңдайды зақымдайды, кейбір жағдайда альвеолярлы өскіндікке жақындауы мүмкін. Бұл жағдайда таңдай пердесі қысқартылған, ал олардың сегменттері жан-жаққа керілген болады. Оқшаланған жарықтардың бір түрі шырышты қабықасты (субмукозды) жарықтыр. Әдетте олар жұмсақ таңдайдың қысқару және жұқалануымен үйлеседі. Шырышты қабықасты жарықты *a* дыбысын айқан кезде байқауға болады. Бұл жағдайда шырысты қабық жақсы көрінетін үшбұрыш тәрізді ауытқудың ішіне тартылады.

Ашық жарықтарда қоса альвеолярлы өскінінің тұтастығы бұзылады. Бұл ауытқулар екі жақты және біржақты. Әдетте олар ерін жарықтарымен қабаттас болады. Бұл жағдайда тіс қатарларының бұзылуы жиі байқалады: тістердің дұрыс орналаспауы, тіс саны артық немесе кем болуы. Тістену де әр түрлі өзгереді. Прогения, сирек прогнатия, ашық тістену, диастемалар байқалады.

Жарығы бар таңдай әдетте қысқартылған болып келеді, уранопластикадан кейін де қалыптағы жағдаймен салыстарған да өсу жағынан артта қалады.

Жұмсақ таңдай функциялары қос бұлшық еттерінің өз ара байланысы жоқ болуының салдарынан бұзылады. Фонация мен жұтыну кезінде олар жұмсақ таңдай сегменттерін жан-жаққа айырады (ажыратады). Операциядан кейін оның қозғалғыштығы қалыпқа келмейді, өйткені оны көтеріп тұратын бұлшық еттер қалыптағыдай ортаңғы үштік деңгейде бекітілген болмайды. Олар терең алдыда бекітіледі.

Анатомиялық ауытқу тыныс алудың, тамақтанудың, фонацияның, естудің және сөйлеу тілін бұзылуына әсер етеді.

Жарықтар кезінде тыныс алудың өзгеруі әр түрлі болады. Ауыз және мұрын қуысының арасында қақпаның болмауына байланысты балалар үнемі аралас ауыз, мұрын арқылы тыныс алады. Бұндай тыныс алуда дем шығару ұзақтығы кілт қысқарады. Тынысы жиіленеді, өкпенің сыйымдылығы азайады, кеуде торшасының дұрыс дамымайды, оның экскурсиясы төмендейді.

Фонациялық тыныс алуы күрделі бұзылады. Қалыпты жағдайда сөйлеу алу кезінде адамдар ауыз арқылы дем алатындары белгілі. Бұл кезде дем алу терең болады және қысқарады, ал дем шығаруы дем алу ұзақтығына қараған да 5-8 есе ұзара түседі. Бір минутта тыныс қозғалыстырының саны 16-20-дан 8-10 дейін қысқарады; сөйлеу кезіндегі дем шығаруға іш (қарын) керегелері мен қабырға арасы бұлшық

еттері қатысады. Бұл дем шығаруды ұзартуға көмектеседі және қатапар астындағы ауа қысымымен қамтамасыз етеді [53].

Жарығы бар балалар сөйлеу кезінде тек ғана бұғана арқылы, бір мезгілде ауыз және мұрын арқылы тыныс алады. Дем шығарған кезде ауа көлемі (орташа санмен 30%) мұрынға кетеді. Соның салдарынан, бірінші ден, дем шығару ұзақтылығы кілт қысқарады, екінші ден, қатпар үстіндегі ауа қысымы төмендейді. Сондықтан фонациялық тыныс алуы жиі және саяз болады.

Мұрынға кеткен ауаны азайтуға тырыса отырып дауыссыз дыбыстарға керек қысымды сақтау үшін балалар маңдай бұлшық еттерін қинайды, мұрын қанаттарын қысады.

Бұл толықтырғыш (компесаторлы) бетін тыржиту біртіндеп әдетке айналады. Бала сөйлеген кезде қоса жүретін болады, ринолалиясы бар балалардың бет әлпетіне тән қасиет болып табылады. Ринолалиясы бар балалардың дауысы әлсіз, үнсіз, ақырын болады. Айқын мұрындық резонансы байқалады. Таңдай пердесінің тұтастығының жоқтығы, оның қозғалуының шектелуі және жұтқыншақ бұлшық еттерінің патологиялық өзгеруі жұтқыншақ пен таңдайдың қозғалу үйлесімдігін (координациясын) бұзады.

Айтып кететін жағдай, туа біткен жарықтары бар бір жасқа дейінгі балалардың дауысының акустикалық қасиеттері жоғарғы жақ сүйектің қалыпты жағдай кезіндегіден айырмашылығы болмайды. Сөйлеуге дейінгі кезеңде бұндай балалардың жылауы, айқайы, үілдеуі қалыпты дауыспен шығады. Дауыс тембрінің өзгеруі- ашық мұрындық резонанс пайда болуы- алғашқы рет бала былдырлай бастағаннан пайда болады. Осы кезде бала бірінші дауыссыз дыбыстарын шығара бастайды.

Кейін, мөлшері 7 жасқа дейін таңдайының жарығы бар балалар дауысында мұрындық ренкімен сөйлейді, бірақ басқа жағынан қалыптан ешқандай айырмашылығы жоқ болады.

7 жастан кейін дауыс нашарлай бастайды: күші төмендейді, әлсіреу пайда болады, диапазоны кеңеюді қояды. Ринолалиясы бар жас өспіремдер мен ересектер 80% дауыс бұзылуынан зардап шегеді. Оларға фонестения немесе жұтқыншақтың ішкі бұлшық еттерінің парезі тән [5].

Туа біткен таңдай жарықтары кезінде дауыс бұзылудың үш себебі бар.

Таңдай-жұтқыншақ қабысу механизмінің бұзылуы. Жұмсақ таңдай мен көмейдің функционалды тығыз байланысы салдарынан таңдай пердесінің сәл ғана қимылы және қиналуы дәл сондай көмейдің қозғалу реакциясын және қиналуын тудырады. Таңдай жарықтары кезінде оны көтеріп, керетін бұлшық еттер синергист болғанның орнына антогонист ретінде жұмыс атқарады. Сонымен қатар таңдай және көмей бұлшық еттерінде функционалды жүктеменің төмендеуіне байланысты оларда дистрофиялық процесс пайда болады. Жұтқыншақ сақинасының патологиялық өзгерістері 4-5 жаста көріне бастайды. Сілекей қабығы атрофиялық, азыған, өңсіз болып көрінеді, әр түрлі қоздырғыштарға реакция бермейді (ауыру, тигізу, күйдіру). Кейін бұлшық еттер жиірудан мүлдем қалады. Жұтыну рефлексісі кілт төмендейді және мүлдем жойылады. Бұлшық еттерінің патологиялық дистрофикалық процесі олардың және көмейдің резонаторлық қуыстарының ассиметриясына, дауыс қатпарларының ассиметриялық қозғалуына әкеледі.

Ринолалия кезінде бір қатар үнді дауыссыздардың ларингиальді (көмейлік) жолмен дұрыс емес қалыптасуы. Бұл жағдайда қабысу көмей денгейінде орындалады және ауаның дауыс қатпарларының шетіне ысылу арқасында дыбыс пайда болады. М.Зееманның айтуы бойынша, көмей өзіне қосымша артикуляторлы қызметін жүктейді.

Дауыстың дамуына мінез – құлық ерекшеліктері әсер етеді. Балалар бетінің көріксіздігінен және сөйлеу тіл кемістігінен ұялғанынан, айналадағылардың назарын өздеріне аудау үшін, олар қандай жағдай болмасын дауысын көтермей, үнемі ақырын сөйлеуге дағдыланады.

Туа біткен таңдай жарықтары кезінде патологиялық жағдайда дамыйтын сөйлеу тіл басқа функцияларға қарағанда ең күрделі бұзылады. Уранопластикадан кейін өз бетімен сөйлеу тілі түзелмейді.

Таңдай-көмей қабысуының жоқ болуына байланысты мұрын қуысы ауыз қуысының қос резонаторы болады да барлық дыбыстарға мұрындық тембр береді. Сөйлеу тілінің мұрындық резонансының көріну денгейі қабысудың жетіспеушілігіне, таңдай пердесінің қозғалымштығына, жұмсақ таңдай мен тілдің қимылдарының үйлесіміне байланысты болады.

Дыбыс айтуының бұзылу және сөйлеу тілінің мұрындық ренкінің денгейіне қарай таңдай жарығы бар балалардың барлығын үш топқа бөлуге болады (М.Морли бойынша).

Бірінші топқа мұрындық ренкі бар, бірақ дауыссыз дыбыстар дұрыс артикуляция кезінде пайда болатын балалар жатады. Бұндай бұзылысты ашық ринофония деп атайды. Бұл топқа қатты таңдайында субмукозды жарықтары, жұмсақ таңдайдың жарықтары бар және жұмсақ таңдайы қысқартылған адамдар жиі кіреді.

Екінші топқа сөйлеу тілінің мұрындық резонансы және дауыссыз дыбыстардың артикуляциясы бұзылған адамдар жатады. Олардың таңдай ауытқулары кең болады.

Үшінші топқа кіретін адамдардың сөйлеу тілі жақсы көрінетін мұрындық ренкімен қоса дауыссыз дыбыстардың артикуляциясы жоқтың қасында деуге болады. Артикуляция тек ритмикалық (ырғақтық) көрінісін сақтайды. Бұндай сөйлеу тіл бес жастан төмен балаларға тән, өйткені оларда дыбыс айтуы әлі толық қалыптаспаған, сонымен қатар таңдай жарықтары тістенудің бұзылуымен, естуінің төмендеумен және басқа да ауытқулармен шиеленіскен адамдарға тән болады.

Бірінші және екінші топтағы адамдардың сөйлеу тілі ашық ринолалия деп топтастырылады. Оның анықтығы орташа санмен 28,4% құрайды. Дыбыс айтудың бұзылуының күрделілігі жарықтың түрімен тікелей байланысты емес. Фонемалардың бұзылуы жұмсақ таңдайдың шеттері мен жұтқыншақ керегесінің арасындағы саңлауға байланысты және ол мұрындық ренкінің дәрежесіне әсер етеді.

Ринолалия кезінде артикуляцияның дұрыс дамымауы бір қатар себептерге байланысты.

Тілдің ауыз қуысында патологиялық қалпы жайында бұрынғыдан белгілі: еңжар, жұқа тіл ұшы ауыз қуысының ортасында орналасуы, дыбыс шығаруға қатыспауы. Тілдің жансыз түбірі жұтқыншаққа қарай қуысты жауып тұрады.

Тілдің жұтқыншаққа қарай жылжыу дауыссыз дыбыстардың шығуына қажетті ауа бағанасының қысым көлеміне көмей-жұтқыншақта ғана жетеді. Одан жоғары бөлімдерде ауаның мұрынға кетуіне байланысты қысым кілт төмендейді, дауыссыз дыбыстардың артикуляциясы кезінде қабысуды ажырату мүлдем мүмкінсіз болады.

Содан басқа, ауаның мұрынға кеткені ауыз қуысында дауыссыз фонемалардың шығуына қажетті бағытталған ауа ағынын пайда болуын қиындатады. Тіпті бар болғанның өзінде ол сонша әлсіз болғандықтан, сапалы фонеманы жасай алмайды. Қатаң дауыссыздар бұл жағдайда дыбыссыз болып қалады, ал үнді дыбыстырдың айтылуы жеке акустикалық бояуы бірдей болады.

Көбінесе бағытталған ауа ағыны мүлдем болмайды, балалар оны жұтқыншақтан дем шығарумен алмастырады. Олар көмейден шыққан ауа ағынының жолында қабысу мен саңылауды артқа тартылған тіл түбірімен және жұтқыншақтың артқы керегесімен жасайды. Артикуляцияның бұндай тәсілі көмейлік немесе форингеальді деп аталады. Ринолалая кезінде бұлай шұғыл дыбыстар немесе фрикативті дауыссыз фонемдер айтылады.

Дауыссыз үнді дыбыстарды қалыптастыру барысында басқа компесаторлы актіге жүгінеді. Саңылау мен қабысу жұтқыншақ деңгейіне түсетін болады. Бұлай дыбыс шығару тәсілі жұтқыншақтық немесе ларингеальді деп аталады.

Дауыстыларда тіл жоғары көтерілген жағдайда айтылады. Тіл түбірінің жұту және артикуляцияға үнемі белсенді қатысуы оның гипертрофиясына әкеліп соқтырады. Операциядан кейін тіл өз бетімен қалыпты орналаса алмайды. Бұл ауытқуды тек қана логопедиялық сабақтардың көмегімен жоюға болады. Қызығы, ересек кезде жүре пайда болған жұмсақ таңдайдың ауытқуы кезінде ұқсас компенсация дамиды, тіл артқа қарай тартылады.

Тіс-жақ сүйектер аймағының деформациясы, тіл асты желбезегінің қысқаруы, еріннің тыртықтары да дыбыс айтудың бұзылуына әсер етеді. Ашық тістену, прогения, прогнатия, альвеолярлы өскінінің ауытқулары еріндердің, ерінмен тістердің, тіл мен тістердің ұштасуына кедергі келтіреді және еріндік, еріндік-тістік, тістөңіректік дауыссыздарды дұрыс атуға мүмкіндік бермейді. Альвеолярлы өскінінің екі жақты жарықтартары кезінде оның алдыңғы бөлігі көлденең қалыпта болады. Соның салдарынан адам еріндерін, тістерін бірге қоса алмайды, еріндік және тіл алды фонемаларды мүлдем айта алмайтын болады. Тіл асты желбезегінің қысқа болуына байланысты жоғары артикуляциямен айтылатын дыбыстарды айтуы қиын болады, ал хейлопластикадан кейін қалған тыртықтар еріндік дауыссыздарды айтуын қиындата түседі. Тіл ортасы- тіл арты дыбыстар таңдайдың жоқ болуына байланысты айтылмайды.

Ринолалия кезінде дауысты дыбыстардың акустикалық сипаты мұрындық резонансқа байланысты. Ол тілдің көтерілуіне және резонатордың пішінінің өзгеруіне байланысты күшейе түседі. Әр дауысты дыбыстың айтуында мұрындық ренкінің көрінуі таңдай-жұтқыншақ қабысуының тығыздығына, еріндердің жіңішкеру деңгейіне және жұтқыншақтың пішінінің өзгеруіне байланысты болады. Жұтқыншақтың ең кіші мөлшері *a*, ал ең үлкен- *u, y* фонемалардың артикуляциясы кезінде байқалады. Таңдай пердесінің қысқаруында, жоқ болуында немесе оның қозғалысының шектелуінде жұтқыншақтың кеңеюі жұмсақ таңдайдың шеті мен жұтқыншақтың артқы керегесінің арасындағы саңылауың ұлғаюына әкеледі. Ринофония кезінде мұрындық ренктің ұлғаюу а дан *y* – ға дейін келесі кезектілікпен *a-o-э-u-у* бұның клиникалық көрінісі болып табылады.

Ринолалая кезінде дауыссыз фонемалардың артикуляциялық және акустикалық қасиеттері күрделі ауытқулармен сипатталады. Сөйлеу ағынында балалар дыбыстарды таспат кетеді, басқа дыбыстармен алмастырады немесе оларды дефекті тәслмен шығарады. Көбінесе оларға шұғыл және фрикативті дыбыстарды жұтқыншақ (фарингендиальді) және көмейлік (ларингеальді) дыбыстармен алмастыру тән болады.

Еріндік n , n' , b , b' , дыбыссыз болады немесе дем шығарумен алмастырылады, немесе сондай күшті мұрындық резонанспен айтылғандықтан m , m' дыбыстарына айналады, немесе жұтқыншақ (n , n'), көмей (b , b') денгейінде k , g дыбыстарына ұқсас дыбыстар шығарады.

Тіл ортасы k , g дәл осындай тәсілмен жасалады. Ойткені тіл арқасы мен таңдайдың қабысуына ауытқу мүмкіндік бермейді.

Тіл алды m , m' , d , d' дыбыстары әлсізденеді немесе n , n' , дыбыстарымен алмастырылады.

Ринолалия кезінде мұрын жолды үнді дыбыстар көп жағдайда қалыптаспаған вокализациямен алмастырылады: l фонемасы еріндік болып, j , n дыбыстарға алмастырылып айтылады.

Таңдай-жұтқыншақ ауытқуы кезінде дауыссыз p , p' фонемалары ешқашанда қалыпты дыбыстауға жетпейді деуге болады. Ойткені тіл ұшының вибрациясына (діріліне) өте күшті ағым керек, ал оған жету мүмкін емес. Сондықтан, дыбыс тастап кетіледі, бірсоғынды p мен алмастырылады. Операциядан кейін жұмсақ таңдай шеті дірілдеу арқасында шығатын велярлы p дыбыс пайда болуы мүмкін. Ринолалия кезінде ұяң дауыссыз дыбыстардың ақаулықтары байқалады, әсіресе b , b' , d , d' , z , z' , $ж$. Олар өздерінің қатаң дауыссыз сыңарларымен орын алмастырады.

Операциядан кейін балаларда аралас мұрын-ауыз арқылы тыныс алуы, дыбыс шығарудың бұзылуы, мұрындық ренкі, әлсіз, ақырын шығатын дауыс қалады. Яғни, сөйлеу тіл өз бетімен, арнайы оқытусыз қалыпқа келмейді.

Ринолалияның тұрақты болуының себебі тек патологиялық дыбыс шығаруға байланысты емес. Ауыз қуысындағы ауа қысымының төмендеуінің салдарынан таңдай жарықтары бар адамдардың кинестезиясың төмендеуі, фонематикалық есту қабілетінің бұзылуы және тілдің астарегнозиясы байқалады. Бұл ауаның «жарылысын» және ағымын сезу арқылы қабылдауын азайтады. Ортодонтикалық аппараттар және шешілмелі тіс протездері таңдай және альвеолярлы өскіндерінің сілекей қабығын жауып тұрадындығынан сезуден ауыз қуысының маңызды зоналарын шектеп тастайды. Жасы ұлғайған сайын кинестетикалық сезуі одан әрі төмендей береді. Таңдай жырықтары бар балалардың фонематикалық есту қабілетін тексергенде белгілі ерекшеліктері байқалады. Сөйлеуді қабылдауында есту, сөйлеу-қимыл анализаторлары қатысатыны белгілі. Орталық жүйке жүйесінде фонеманың дыбыс және қимыл бейнелерінің арасында оны тануға және ажыратуға көмектесетін байланыс болады. Сөйлеу-қимыл анализаторының шеткі (перифериялық) ұшының органикалық зақымдалуы (таңдай жарығы) дыбысты есту арқылы қабылдауын тежейді. Ринолалиясы бар балалардың есту арқылы ажырату процесінің дамуына артикуляциясының патологиялық стереотиптері кедергі жасайды. Олар акустикалық ұқсамайтын фонемалардың бірдей кинестезияларын тудырады. Есту арқылы ажырату процесінің денгейі экспрессивті сөйлеу тілінің фонетикалық жағының зақымдалу денгейімен тікелей байланысты.

Тәжірибеде акустикалық жақын дауыссыздарды экспрессивті және импрессивті тілде шатастыруы жиі кездеседі. Бұл көмей және жұтқыншақ арқылы дыбыс шығаруының шектелуіне байланысты барлық фрикативті және шұғыл (взрывные) фонемалар бірдей дыбысталады. Фонемалардың бұлай бірдей дыбысталуы орталық жүйке жүйесінде бекітіледі. Балалардың көбі өздерін дұрыс сөйлетін деп санайды, өздерінің сөйлей тілінде кемімшілігі бар екенін айналадағылардан біледі.

Ринолалия кезінде сөздік қоры және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы жайында әдебиеттерде әр түрлі пікір айтылады. Кейбір авторлар жазуының және тілдің лексикалық-грамматикалық құрылымының бұзылу денгейі тек артикуляциялық аппараттың зақымдалуына байланысты емес, сонымен қатар сөйлеу тәрбиесіне, қоршаған ортасына, естуінің төмендеу денгейіне, компенсаторлы және тұлғалық жүйелерінің ерекшеліктеріне де байланысты деп есептейді [6].

Сөйлеуге дейінгі кезең өзгеше және аномалды өтеді. Көбінесе әдеттегі сыбдыр дыбыстар «п», «б», «т», «д» мұрын қуысына ауаның кетуінен үнсіз айтылады. Бұл естудің нығаюының жоқтығына немесе күрт төмендеуіне әкеліп соғады, соның салдарынан былдыр белсенділігі азаяды. Сөйлеудің кеш пайда болуы байқалады. Дыбыс артикуляциясы ғана емес, сонымен қатар сөйлеудің просодикалық элементтерінің дамуыда азап шегеді. Артикуляциялық аппарат тұтастығының бұзылу нәтижесінде артикуляция мүшелерінің қалпының компенсаторлы өзгеруі қалыптасады: тіл түбінің жоғары көтерілуі, ерін, тіс пен ерін дауыссыз дыбыстардың, лабиаланған дауыстылардың айтылу кезіндегі еріннің жеткіліксіз қатысуы, мимикалық бұлшық еттеріне күш түсу. Дауыста күрт мұрынмен айту өзгешелігі пайда болады. Сөйлеу кезінде ринолалиясы бар балалардың тілінде көп дыбыстардың артикуляциясы бұзылады. Сөйлеудің айтарлықтай жалпы түсініктілігі төмендейді. Кей-кезде сөз төңіректегілер үшін мүлдем түсініксіз болады.

Айтылу ерекшелігі жазбаша сөйлеу тіліндегі қателіктерге, тілдің фонематикалық жүйесінің бұрмалануына әкеліп соғады. Сөйлеу тілінің кеш шығуы, логопедиялық көмек көп уақытқа дейін көрсетілмеуі, қажетті сөйлеу тәжірибесі аз болуы, психикалық белсенділігінің төмендеуі баланың сөйлеу

әрекетіне әсерін тигізеді. Туа біткен жарығы бар балалардың жазбаша сөйлеу тілінде кездесетін дисграфиялық қателері алуан түрлі. Ринолалиясы бар балаға тән *n*, *б* дыбыстарын *м*, *т* дыбыстарына, *д* дыбысын *н* дыбысына алмастыру болып табылады және керісінше *м* - *д*, *м* - *б*, *п*. Мысалы, бал- мал, тал; доп – ноп, т.б. Ысқырық, ызың дыбыстардың алмастыруы және шатастыруы жиі кездеседі: засыл – жасыл. *Ц* дыбысы *с* дыбысымен алмастырылады: сирк – цирк; *ч* дыбысы жазуда *ш*, *с* немесе *ж* дыбысымен алмастырылады, ал *ш* – *ж* дыбысымен алмастырылады. *Р* дыбысы *л* дыбысымен алмастырылып жазылады, керісінше *л*- *р* алмастыру сирек кездеседі. Қатар келген дауыссыз дыбыстардың, дауысты дыбыстың түсіп қалғаны байқалады: сакан – стакан; клді – келді, шлек – шелек; керісінше артық дауысты дыбыстарды жазуы да кездеседі. Жазбаша тілдің бұзылуы көптеген факторларға байланысты: артикуляциялық аппаратындағы ақаулығының тереңдігіне, баланың тұлғалық ерекшеліктеріне және компенсаторлы мүмкіншіліктеріне, логопедиялық көмекті алған уақытына және түріне, сөйлеу ортасының әсеріне. Мектеп жасындағы жалпы сөйлеу тіл дамымауы бар ринолалиясы бар балаларда сөйлеу тілінің лексикалық және грамматикалық жағының дамымауы байқалады. Балалардың сөздік қоры кедей, аз болады. Жазуында балалар қосымша сөздерді, септік жалғауларын, демеуліктерді дұрыс қолданбайды, яғни балалар жазуында аграмматизмдер байқалады. Балалардың ауызша сөйлеу тілі дамымағаны оқу кезінде көрінеді. Оқу темпі баяу, сөз элементтерін шатастырады, сөздің формаларын дұрыс ажырата алмайды. Оқығанның мазмұнын түсіну әр түрлі деңгейде болады; фраздағы сөздердің, мәтіннің бөліктерінің өз ара баланысы бұзылуы байқалады [7].

Ринолалия кезінде сөйлеу тілінің жетіспеушілігі науқастың барлық психикалық функцияларының дамуына әсер етеді. Сөйлеу тілінің коммуникативті құрал ретінде бұзылуы науқастың ұжымдағы жағдайын қиындатады. Олардың құрбыларымен қарым –қатынасы көбінесе бір жақты болады да, нәтижесі балаларға кері әсерін тигізеді. Балалар ұялшақ,тұйық,ашуланшақ болады. Егер ринолалия таза күйінде кездесе көп жағдайда науқастардың интеллектісі сақталған болады. Содан олардың іс - әрекеттері қолайлы жағдайда болады. Сөйлеу тілінің ауытқуын түзету жұмысы балалардың оң мінез ерекшеліктерінің қалыптасуына себеп болады, жоғарғы психикалық функцияларының дамуын ынталандырады.

Сонымен, туа біткен жарықшалар бала ағзасының қалыптасуына және жоғарғы психикалық функцияларының дамуына кері әсерін тигізеді. Науқастар өз ауытқуларын орын басатын ерекше жолдарын табады. Соның нәтижесінде артикуляциялық аппарат бұлшық еттерінің өз ара байланысы дұрыс қалыптаспайды. Бұл біріншіреттік бұзылыстың – сөйлеу тілдің фонетикалық өңдеуінің бұзылысының- себебі болып табылады. Бұл бұзылыс сөйлеу тілінің бір қатар екіншіреттік бұзылысына және науқастың психикалық статусының бұзылысына әкеліп соқтырады. Бірақ бұндай науқастардың бұзылған функцияларын оңалту үшін компенсаторлы мүмкіндіктері өте жоғары.

Сонымен туа біткен ақаулықтар арасында ерін және таңдай жарықтары екінші орын алады, бет және жақ сүйетерінің дамуының ең күрделі ақаулары жатады. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша әлемде туылған әр мың балалаға 0,6-1,6 бұндай жағдай тіркеледі. Бұл көрсеткіштердің жылдан жылға ұлғаю тенденциясы байқалады. Ғалымдардың пайымдауы бойынша бұл жағдайдың себебінің бірі экологиясың күрт нашарлауы .

Осыған байланысты дамудың ерекшеленген анатомиялық-физиологиялық өзгерістерінің салдарынан болған сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету проблемасын тереңірек зерттеу қажеттілігі өседі.

Көптеген зерттеушілер бұл ақаулық кезінде сөйлеу әрекетінде қиындықтар мен алуан түрлі бұзылыстар болатынын анықтаған. Олар қосалқы бұзылыстар түрінде байқалады: сенсомоторлы үрдістерінің, сөйлеу тілінің фонетикалық және әуезділігінің бұзылуы.

Дефектология саласында жүргізілген ғылыми зерттеулер ерте хирургиялық араласу және ерін мен таңдай жарықтары бар балалардың дыбыс айтуын түзетудің маңыздылығын дәлелденген. Мектеп жасына дейінгі ринолалиясы бар балаларға сөйлеу тілінің бұзылыстарын ерте түзетуің нәтижелі болуы көп жағдайда логопедиялық көмектің ұйымдастырылуының деңгейіне байланысты, сондықтан логопедиялық топтарда түзету жұмысын тиімді ұйымдастыру мәселесі туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «ҚР баланың құқықтары туралы» ҚР 2002жылғы 8 амыздағы 345 Заңы
2. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы
3. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» ҚР 2002 жылғы 11 шілдегі № 343 Заңы
4. Негаметзянов Н.Г., Супиев Т.К. Экологические факторы различных регионов Республики Казахстан и их влияние на заболеваемость врожденной расщелиной верхней губы и неба// *Стоматология детского возраста и профилактика* (Москва). – 2012. – N 1 (40). – С. 21-28.

5. Егорова О.А. Проблемы речевого развития дошкольников / О.А. Егорова // Дети с проблемами в развитии. - 2004 - . №8. - С. 25-29.
6. Гуцан А.Э.. Врожденная расщелина верхней губы и неба. Под ред. Г.А. Ботезагу.- Кишинев: Штиница, 2015. – 142с.
7. Балакирева А.С.. Логопедия. Ринолалия. М.: В. Секачев, 2011

УДК 373.2-056.26

МРНТ: 14.23.11

Г.М.Коржова¹, Г.С. Оразаева², Г.И. Акылбаева³

¹ к.п.н., профессор, ГУ Национальный научно-практический центр коррекционной педагогики, г.Алматы, Казахстан, korzhova.galina@inbox.ru

² к.п.н., доцент, КазГосЖенПУ, г. Алматы, Казахстан, gulzh69@mail.ru

³ учитель- логопед, АГДРЦ, г.Алматы, Казахстан, gulnarigen@gmail.com

ПРОГРАММЫ ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ КАК СРЕДСТВО ИХ ВКЛЮЧЕНИЯ В КОРРЕКЦИОННУЮ РАБОТУ

Аннотация

На современном этапе в работе с детьми с особыми образовательными потребностями особенно актуальным становится привлечение родителей к коррекционной работе. Взаимодействие специалистов и родителей позволяет решить многочисленные проблемы, которые, несомненно, возникают при воспитании ребенка с отклонениями в развитии. Особое место в работе с семьей занимает специально организованное сопровождение, которое предполагает целенаправленную работу по включению семьи в коррекционный процесс.

В статье раскрываются новые формы работы с родителями, способствующие их включению в коррекционную поддержку своего ребенка. Среди них – родительские программы по организации коррекционной работы в домашних условиях. Даны рекомендации к их разработке. Помимо этого, в статье предоставлены образцы мини-программы, определяющей пошаговые действия родителей, направленные на установление контакта с ребенком. Наличие материалов, также окажет помощь специалисту переориентировать свою деятельность на обучение и поддержку родителей.

Ключевые слова: ребенок с особыми образовательными потребностями, семья, взаимодействие, программа, коррекционная работа.

Аңдатпа

Г.М.Коржова¹, Г.С. Оразаева², Г.И. Акылбаева³

¹п. ғ.к., профессор, Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Алматы қ., Қазақстан, korzhova.galina@inbox.ru

²п. ғ.к., доцент, Алматы қ., Қазақстан, gulzh69@mail.ru

³ мұғалім - логопед, АГДРЦ, Алматы қ., Қазақстан, gulnarigen@gmail.com

Қазіргі таңда ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасауда, әсіресе, түзету жұмыстарына ата-аналарды тарту өзекті болып келеді. Мамандар мен ата-аналардың бірлесе әрекет етуі дамуында ауытқуы бар балаларды тәрбиелеу барысында кездесетін көптеген қиыншылықтарды шешуге мүмкіндік береді. Отбасымен жұмыс барысында ұйымдастырылған арнайы жетекшілік ету ерекше орынға ие, ол отбасын түзету үрдісіне қосу бойынша мақсатқа бағытталған жұмысты көздейді.

Мақалада өз баласын түзете қолдауға қатысуына мүмкіндік туғызатын ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың жаңа түрлері ашылған. Оның ішінде - үй жағдайында түзету жұмыстарын ұйымдастыру бойынша ата-аналардың бағдарламалары. Оларды құрастыруға нұсқаулар ұсынылған.

Сонымен қатар, мақалада баламен қарым-қатынас орнатуға бағытталған ата-аналардың қадам бойынша іс-әрекетін анықтайтын шағын бағдарламалардың үлгісі берілген. Ұсынылған материалдар мамандарға ата-аналарды үйретуде және қолдауда көмегін тигізеді.

Түйін сөздер: отбасы, өзара іс-қимыл, бағдарлама, түзету жұмысы

Abstract

G.Korzhova¹, G. Orazaeva², G Akylbaeva³

¹cps, professor, GU National scientific and practical center of correctional pedagogics, Almaty, Kazakhstan, korzhova.galina@inbox.ru

²cps, associate professor, to Kazgoszhenp, Almaty, Kazakhstan, gulzh69@mail.ru

³teacher - the logopedist, AGDRTs, Almaty, Kazakhstan, gulnarigen@gmail.com

Programs for parents as means of inclusion them into correctional work

At the present stage, while working with children with special educational needs, the involvement of parents becomes especially relevant. Interaction of specialists and parents helps to solve numerous problems, which, certainly, appear during raising a child with developmental disabilities. Specially organized support, which considers purposeful work on including the family into the correctional process, takes a special place while working with the family.

In the article new forms of working with parents are presented, which contribute to their inclusion into correctional support of a child. Parental programs for the organization of correctional work at home are among them. Recommendations for their development are given.

In addition, the article provides a sample of mini-program, which determines systematic actions of parents, aimed at establishing contact with the child. The availability of materials will also help the specialist to reorient his activities to the education and support of parents.

Key Words: Child with special educational needs, family, interaction, programmer, correctional work.

В специальном образовании в последнее время прочно утвердилась тенденция к привлечению родителей детей с особыми образовательными потребностями к коррекционной работе. От эффективности взаимодействия специалистов и родителей зависит решение многих проблем, которые возникают в семье, воспитывающей ребенка с отклонением в развитии. Это и гармонизация жизненных установок и ценностей каждой конкретной семьи, создание оптимальных микросоциальных условий, необходимых для воспитания и развития ребенка, это нейтрализация неконструктивных форм поведения родителей в социуме, осуществление их продуктивной занятости, формирование активной социальной позиции относительно будущего своего ребенка и др.

Семья ребенка с особыми потребностями, как никакая другая, нуждается в специально организованном сопровождении, которое не должно ограничиваться беседами, консультациями, советами. Сопровождение должно предполагать постоянные связи с членами семьи, целенаправленную работу по их включению в коррекционную поддержку своего ребенка. Включение семьи в коррекционный процесс должно происходить на мотивированной основе и на осознании и специалистами и родителями единства целей.

Изучение практики подготовки семьи к коррекционной работе свидетельствует о преобладании традиционных форм работы с родителями (домашние задания, родительские собрания и пр.). Речь же должна идти о преобразовании коррекционного процесса, реализуемого в отношении ребенка в обучающий процесс по отношению к его родителям. Другими словами родители должны быть подготовлены к осуществлению самостоятельной помощи ребенку, они должны стать полноправными субъектами коррекционной деятельности.

Почему, несмотря на осознание заинтересованными сторонами (специалистами и родителями) ответственности за качество коррекционных услуг, семья продолжает оставаться пассивным наблюдателем, пребывать в стрессовом состоянии и испытывать не проходящее беспокойство за судьбу своего ребенка?

Одна из причин кроется, на наш взгляд, в недостаточности методического обеспечения и методической поддержки специалистов в осуществлении работы по включению семьи в коррекционный процесс. Специалисты нуждаются в материалах рекомендательного характера, освещающих процесс подготовки родителей к взаимодействию с ребенком, к участию в реализации индивидуальных развивающих программ, к оказанию ребенку коррекционной помощи в домашних условиях и др.

Наличие таких материалов поможет специалисту переориентировать свою деятельность на обучение и поддержку родителей.

Первые шаги специалиста по установлению контактов с родителями должны быть связаны с выявлением и корректировкой их запросов и потребностей. Наблюдения показывают, что запросы родителей часто не соответствуют реальным потребностям ребенка, родители затрудняются в выделении ведущих проблем ребенка, не умеют находить связи между отдельными трудностями детей. Именно поэтому они нуждаются в обучении и подготовке к участию в коррекционной поддержке своего ребенка.

Далее специалисту необходимо определить содержательную наполняемость своей деятельности по включению семьи в коррекционный процесс (выделение этапов условное).

Так на первом мотивационно-установочном этапе необходимо:

1. Научить родителей находить ведущую проблему.
2. Научить находить «симптомы», звенья основной проблемы.
3. Научить проектировать комплекс мероприятий по коррекции нарушенных звеньев (устранение симптомов).

Средства реализации поставленных задач зависят от выделенной, в качестве первоочередной, проблемы.

К примеру, достаточно часто родители связывают свои трудности с установлением взаимодействия с ребенком в повседневных жизненных ситуациях, в построении эффективного общения с ним, в установлении коммуникативных контактов. В этом случае эффективным средством послужит составление коммуникативной «пирамиды», т.е. алгоритма формирования необходимых умений для развития коммуникации – умение принимать от взрослого приглашение поиграть или пообщаться; умение смотреть в лицо и глаза; внимание, подражание, очередность, понимание, слушание, умение играть и др.

Понимание мамой (другими членами семьи) основной проблемы, и, главное, осознание путей её устранения будет способствовать мотивированному включению в коррекционную деятельность.

На втором этапе (конструктивно – содержательном), исходя из той же первоочередной проблемы, будет решаться задача по реализации программы по формированию взаимодействия родителей и ребенка в повседневных жизненных ситуациях (совместно со специалистом во время коррекционных занятий). Т.е. родитель, активно участвуя в коррекционном занятии, усвоит приемы работы, овладеет необходимыми навыками, которые впоследствии будет использовать в домашних условиях.

Оценочно-результативный этап направлен на реализацию программы по формированию взаимодействия родителей и ребенка в повседневных жизненных ситуациях (самостоятельно в домашних условиях).

В качестве примера приведем образец мини-программы, определяющей пошаговые действия родителей, направленные на установление контакта с ребенком.

ПЛАН РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ И НАВЫКОВ СОЦИАЛЬНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

Фамилия, имя ребенка: М. Е. Возраст 10 месяцев

Долговременная цель: Формирование комплекса оживления

	Кратковременные задачи	Способы достижения	Кто
Задача 1	Ребенок будет вокализовать выдох (подавать голосовые реакции), глядя в лицо, когда взрослый будет эмоционально общаться с ним. Во время бодрствования по 5-8 раз в день по 1-2 минуты	Говорить с ребенком ласковым, эмоционально окрашенным голосом. Помогать отвечать голосом, проводя вибрацию грудной клетки и гортани	Вся семья
Задача 2	Ребенок будет произносить гласноподобные звуки, когда взрослый будет делать с ним легкую дыхательную гимнастику. Упражнение проводится в течение 1 - 1,5 мин, по 2-3 раза ежедневно.	Легко поглаживая тело и конечности ребенка, возьмите его кисти и, слегка потряхивая ими, разводите руки в стороны, слегка приподнимая при этом грудную клетку- вдох, затем, прижмите руки к туловищу, легко надавливая на грудную клетку – выдох.	Мама, папа
Задача 3	Ребенок будет увеличивать объем вдыхаемого и выдыхаемого воздуха с последующей вокализацией выдоха Упражнение проводится в течение 1 - 1,5 мин, по 2 -3 раза ежедневно.	Одновременно с поворотом головы ребенка в одну из сторон отведите в соответствующую сторону и его руку (вдох). Слегка потряхивая руку и голову, верните их в исходное положение (выдох)	Мама, папа
Задача 4	Ребенок будет различать интонацию голоса, когда с ним разговаривают (слушание) Во время смены подгузников, кормления, игр.	Звать ребенка и разговаривать с ним, меняя громкость, высоту и тембр голоса. При этом мама будет стараться, чтобы ребенок сосредоточил внимание на её лице	Вся семья
Задача 5	Взрослый будет понимать сообщения (слышать или видеть), которые	Каждый раз, общаясь с ребенком, делайте паузу, чтобы	Мама, папа

	посылает ребенок. Каждый раз, когда взрослый не может понять сообщение ребенка, делайте пометку в дневнике наблюдений (когда и как ребенок...)	малыш ответил вам. Внимательно наблюдайте за: движением тела, позой тела, кистей рук, зрачками, мимикой лица, дыханием.	
Задача 6	Взрослый будет отвечать на сообщения, которые посылает ему малыш. Когда ребенок будет проявлять инициативу и действовать, чтобы ощутить комфорт, удовольствие, ответьте ему.	1. Говорите медленно и с длинными паузами, давая возможность ребенку ответить вам. 2. Используйте монолог в форме диалога: обращайтесь к малышу и, хотя ответные сигналы пока отсутствуют, ведите себя так, будто они есть. 3. Разговаривая с ребенком лицом к лицу, сохраняйте «особое» выражение: брови подняты, глаза широко раскрыты, рот приоткрыт. 4. Приближайте и удаляйте свое лицо от младенца.	Мама, папа

Для того, чтобы составить такую программу, специалист должен следовать следующим рекомендациям:

1. Программа для родителей должна быть конкретной, небольшой по объему, доступной и понятной по содержанию, состоять из нескольких очень конкретных задач (шагов). Для достижения задач необходимо указать способ их достижения в условиях семьи (игры, повседневные рутины). Обязательно указать, как использовать эти игры и пр., время, частоту использования, кто будет выполнять ту или иную задачу.
2. Программа для родителей составляется на короткий срок по времени (1-2 месяца).
3. Обязательным условием является желание родителей работать по данной программе, для этого при первых встречах следует выяснить, какие основные трудности испытывает семья и ребенок. Запросы родителей должны быть обсуждены с точки зрения их адекватности и значимости.
4. Обосновать истинные трудности, их причины. В этом поможет наблюдение за ребенком, за взаимодействием родителей и детей, знакомство с документацией на ребенка, в раннем возрасте KID и CDI шкалы.
5. Программа для родителей должна быть небольшой частью индивидуальной развивающей программы ребенка.
6. На протяжении всего коррекционного процесса может быть составлена одна ИРП и несколько программ для родителей (т.е. на один – два месяца одна программа, на следующий месяц следующая родительская программа). И все они являются ответом на запросы со стороны родителей и в тоже время частью ИРП.
7. Для того, чтобы родитель смог реализовать свою программу, специалист на занятиях показывает, учит, формирует умения, навыки, которыми родитель должен овладеть.
8. В технологические карты, наряду с коррекционными и образовательными задачами, целесообразно внести задачу, ориентированную на маму (обучение мамы).

Умение специалистов составлять подобные программы для семьи будет способствовать включению родителей в коррекционный процесс, налаживанию внутрисемейных отношений, формированию у родителей новых ценностных ориентиров, конструктивных форм поведения. Коррекционная работа с ребенком при этом приобретет непрерывный характер, появятся возможности расширения спектра коррекционных услуг ребенку за счет участия в работе семьи.

УДК: 376-056.2

МРНТИ: 14.29.05

Г.А.Қошжанова¹

¹ п.ғ. магистр оқытушы, Арнайы білім беру кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

**АРНАЙЫ МЕКТЕП ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аннотация

Қалыпты жағдайда дамыған жеке адамның өзіндік бағасы жағымды түрде болуы қажет. Бұл адамның өз күшіне деген сенімділігін және белсенді іс-әрекетке бағытталуын қамтамасыз етеді. Жағымсыз сипаттағы өзіндік баға адамды селкостыққа, енжарлыққа әкеп соқтыруы мүмкін. Мұндай жағдайды болдырмау үшін бала жетістіктері мен сәтсіздіктерін өзі сезе бастайтын, яғни жасөспірімдік кезеңінде оқушыда дер кезінде өз-өзіне қарым-қатынасын және өз күшіне деген сенімділігін қалыптастыру қажет. Өзін-өзі бағалау – ойлау әрекеті өлшемдерінің бірі, күрделі динамикалық, жеке тұлғалық құрылым. Өзін-өзі бағалау ең алдымен реттегіштік қызметті атқарады. Өзін-өзі тәрбиелеу өзі-өзі бағалаудан басталады. Адам өзін тәрбиенің қандай сапаларына тәрбиелеу керектігін нақты білуі керек. Өзіндік баға - өзін басқа адамдармен салыстыру арқылы және өзінің талаптану деңгейін өзінің іс-әрекетінің нәтижесімен салыстыру арқылы қалыптасады. Тепе – тең өзіндік баға өзін - өзі тәрбиелеудің мақсат-міндеттерін дұрыс қалыптастыруға ықпал етеді. Өзін-өзі бағалау – субъект отбасында, оқу орындарында, басқа да жерлерде адамдармен қарым-қатынасқа түскен жағдайда және өзгелер өзі туралы көзқарастарын білдірген кезде қалыптасады.

Түйін сөздер: өзін өзі бағалау, тұлға, өзін-өзі тәрбиелеу.

Аннотация

Г.А.Қошжанова¹

¹ *п.э.магистр п.н. КазНПУ им Абая, кафедрасы педагогика и психологии*

ОСОБЕННОСТИ САМООЦЕНКИ СТАРШЕКЛАССНИКОВ СПЕЦИАЛЬНЫХ ШКОЛ

Для нормально развитой самостоятельной личности характерна позитивная самооценка. Уверенность в своих силах обеспечивает человеку направленность на активные действия. Но в некоторых случаях положительная самооценка может смениться на отрицательную. Для предотвращения такой ситуации необходима специальная работа. Особенно важен в этом смысле юношеский период. Самооценка - один из критериев мыслительной деятельности, сложных динамических, личностных структур. Самооценка выполняет услуги, в первую очередь, самоорганизации и формирования уверенности в себе и своих действиях. Самовоспитание начинается с самооценки. Воспитывая себя, человек должен знать, каких конкретных качеств личности он хочет достичь. Самооценка формируется в процессе сравнения себя с другими людьми, своего уровня притязаний и своих действий, путем сравнения результатов. Самооценка субъекта формируется в семье, в учебном процессе, других местах и ситуациях, в общении с людьми, в процессе выстраивания и реализации отношений с ними.

Ключевые слова: самооценка, индивид, самовоспитание.

Abstract

G.A. Koshanova¹

¹ *master of pedagogics. chair special education KazNPU named after Abai*

Features of the self-assessment of seniors of special schools

The positive self-assessment is characteristic of normally developed independent personality. Confidence in the forces provides to the person orientation on active actions. But in certain cases the positive self-assessment can be replaced with negative. Special work is necessary for prevention of such situation. The youthful period is especially important in this sense. Self-assessment - one of criteria of cogitative activity, complex dynamic, personal structures. The self-assessment carries out services, first of all, of self-organization and formation of self-confidence and the actions. Self-education begins with Self-assessment . Bringing up itself, the person has to know what concrete qualities of the personality he wants to reach. The self-assessment is formed in the course of comparison of with other people, the level of claims and the actions, by comparison of results. The self-assessment of the subject is formed in family, in educational process, other places and situations, in communication with people, in the course of forming and realization of the relations with them.

Keyword: self-assessments, individual, self-education.

Қазіргі таңда зиятында ауытқуы бар балалар мен жасөспірімдердің мінез- құлықтары жалпы дамуында айрықша орын алады. Осы кезеңде даму - процесінің қалыптасуының жеткіліксіз деңгейлерінің нәтижесінде зияты зақымдалған балалардың еркін дамып жетілмеуі оның іс-әрекетін, мінез- құлқын бақылап, басқарып отыруға кедергі болуға, яғни өзінің іс - әрекетіне қойылатын талап пен мінез-құлқын үйлестіре алмайды.

«Жеке адам», «тұлға» деген түсініктерді қарастыратын психологиялық білімдердің бірі - өзін-өзі бағалау. Кең мағынада бұл – адамның өз мүмкіндіктері мен өзіне баға беруі. Өзін-өзі бағалау, П.П.Чеснакованың айтуынша, өзіндік сананың бір компоненті болып табылады. Өзін-өзі бағалау сондай-ақ талаптану, яғни адамның алдына қойған мақсат-міндетінің деңгейін және оны шешуге өзінің қабілетін айқындайды. Өзін-өзі бағалаудың алғашқы зерттеулерін 30-жылдары алғаш рет К.Левин жүргізген. Қазіргі таңда да бұл мәселе аз зерттелінген. Сонымен қатар, Қазақстанда жүргізілген зерттеулердің ішінде профессор Ж.Ы.Намазбаеваның жетекшілігімен Р.Ш.Сабырова, С.Ж.Өмірбекова және Л.С.Пилипчуктың жұмысында балалардың өзіндік сана-сезімдері, өзіндік бағалау ерекшеліктері зерттелінген. Осы уақытта өзін-өзі бағалауды оқып үйрену және оның жеке тұлғаның дамуына ықпалы өзектілігімен қалып отыр. Бұл бірінші кезекте, білім берудегі алға басумен, өзгерістермен байланысты болса, қоғаммен де соншалықты байланысты.

Қазіргі кездегі мектептер үшін оқушыларға ақпарат, мәлімет беріп қана қоймай, оларды өздігінен білім алуға, өздігінен жетіліп-кемелденуіне дайындау өте маңызды. Ол үшін балада өзінің жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты, әсіресе, әділ бағалай білетін белсенді ұстанымын, позициясын, яғни өзіндік бағасының белгілі бір деңгейін қалыптастыру қажет.

Қалыпты жағдайда дамыған жеке адамның өзіндік бағасы жағымды түрде болуы қажет. Бұл адамның өз күшіне деген сенімділігін және белсенді іс- әрекетке бағытталуын қамтамасыз етеді. Жағымсыз сипаттағы өзіндік баға адамды селқостыққа, енжарлыққа әкеп соқтыруы мүмкін. Мұндай жағдайды болдырмау үшін бала жетістіктері мен сәтсіздіктерін өзі сезе бастайтын, яғни жасөспірімдік кезеңінде оқушыда дер кезінде өз-өзіне қарым-қатынасын және өз күшіне деген сенімділігін қалыптастыру қажет. Өзін-өзі бағалау – ойлау әрекеті өлшемдерінің бірі, күрделі динамикалық, жеке тұлғалық құрылым. Өзін-өзі бағалау ең алдымен реттегіштік қызметті атқарады. Өзін-өзі тәрбиелеу өзі-өзі бағалаудан басталады. Адам өзін тәрбиенің қандай сапаларына тәрбиелеу керектігін нақты білуі керек. Өзіндік баға - өзін басқа адамдармен салыстыру арқылы және өзінің талаптану деңгейін өзінің іс-әрекетінің нәтижесімен салыстыру арқылы қалыптасады. Тепе – тең өзіндік баға өзін - өзі тәрбиелеудің мақсат-міндеттерін дұрыс қалыптастыруға ықпал етеді. Өзін-өзі бағалау – субъект отбасында, оқу орындарында, басқа да жерлерде адамдармен қарым-қатынасқа түскен жағдайда және өзгелер өзі туралы көзқарастарын білдірген кезде қалыптасады. Ол өзін айналасындағылармен салыстырады, егер бұл байланыстардың нәтижесі төмен өзіндік бағаны көрсетсе, адам өзінің әрбір ісінен кедергілер мен тосқауылдар тауып отырады.

Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, тұлғаның өзі жайлы пікірі оның іс- әрекеті мен істерін реттеудің негізі болып табылады. Тұлғаның динамикалы, көпқырлы, күрделі құбылысы өзіндік бағалау адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқын, өмірінің көп жақтарын шарттандырады. Өзін-өзі бағалаудың даму шарты, оның мазмұны жайлы, оның анықтамасы жайлы бірыңғай ықпалдар әлі де қалыптаспаған. Зияты зақымдалған оқушылардың өзін - өзі бағалау, өз күш – жігерін, қабілетін, мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін, кемшілігі, теріс сапаларын нақты көре алмуы, олардың өзін - өзі бағалауы жоғары, төмен болады. Балаға өзіне дұрыс, әділ баға беруге үйрету - өзіндік тәрбие жетекшілігіндегі маңызды міндет. Нақты өзін - өзі бағалаудың шешуші шарттары: өмірлік тәжірибе, байқағыштық, өзіндік таным тұрақтылығы, ұжымдағы қоғамдық дұрыс пікір, достар тарапынан айтылған сындар. Зияты зақымдалған оқушылардың өзін - өзі бағалаумен байланысты мәселелер Л. С. Выготский, С. Л. Рубинштейн, Д. Б. Эльконин, М. С. Тайчинов, Л. И. Божович, Э. Эриксон, т.б. зерттеушілердің өзіндік танымды зерттеген еңбектерінде байқалады. Сондай – ақ шетелдік Скот, Куперслиз, Сейдман, Лорд, т. б. зерттеушілердің де еңбектерінде кездеседі.

Отандық психологияда жоғарғы сынып зияты зақымдалған оқушыларының өзін - өзі бағалау мәселесі зерттелінген мәселе ретінде қарастырылады. Зерттеулерде жоғарғы сынып оқушылардың өзін - өзі бағалау құрылымы, даму кезеңдері, механизмдері, өзін - өзі бағалаудың жеке тұлғасының әртүрлі сипаттамаларымен байланысы талқыланады.

Отандық және шетелдік психологтардың көзқарастарын салыстыруда бұл ұғымның принциптік айырмашылықтары мен терминологиялық нақтылығы сөз болады. Жоғарғы сынып оқушыларының өзін - өзі бағалау мәселесі аймағында терминологиялық сәйкестікті орнату керек. Отандық психологияда жалпы(өзін - өзі бағалау тұтас күйінде) және жеке (жеке тұлғаны құрайтын сипаттамаларды бағалау) өзін - өзі бағалау қарастырылған. Олардың әрқайсысында когнитивті және эмоционалды компоненттер бар. Сондықтан “жалпы өзін - өзі бағалау” ұғымы шетелдік психологияда “Мен – концепциясы” түсінігінің үйлесімі болып табылады.

Зияты зақымдалған оқушының өзін - өзі бағалауға дайындық процесі мынадай педагог – психологтардың еңбектерінде кездеседі: Л. И. Божович, М. С. Неймарк, Х. Й. Лийметс, Н.Н. Тригубова, Л.Ф. Обухова., Х.Й. Лийметс өзін - өзі бағалауды қалыптастырудың нақты негізгі міндеттерін өзін бағалай білу қабілетімен байланыстырады, яғни мұғалім мен ата – анасының берген бағасы, берілген бағалауды ажырата алу. Осы негізде Л. И. Божович мынадай гипотезаны ұсынды: егер бала айналасындағылар тарапынан дұрыс бағаны қажетсінесе, жасөспірімнің өзін - өзі бағалауын сақтауға деген қажеттілік туады және бұл дайындықпен байланысты болады. Бұл авторлардың айтуларына, жасөспірім шақтағы оқушылар өзін - өзі бағалау процесіне жеткілікті дайын болмаған кезде өзін - өзі бағалай алмайды. Л. С. Рувинский зерттеулерінде жоғарғы сынып оқушылар өзін - өзі бағалау тәсілдерін аз біледі, өздерінің жеке тұлғалық сапаларын бағалауда қиындыққа кездеседі.

Арнайы білім беретін мектептің типтік бағдарламаларын, зерттеу негізінде зияты зақымдалған оқушылардың өзін - өзі бағалауын, жеке сапалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар мен курстардың аз екенін тәжірибедегі мәселені талдау дәлелдеп отыр. Бұл оқушыларда жеке тұлға ретінде даму іскерлігінің жеткіліксіз дамуын көрсетеді. Баланы өзін - өзі бағалауға дайындау ғылыми әдебиеттерде нақты түсінік ретінде қарастырылмайды, сондықтан дайындықтың мәні мен

құрылымын нақтылау қажет болады. Дайындық тұтас сапа ретінде дайындық теориясын, ақыл – ой, эмоциялық, т.б. сапаларын енгізеді. Зияты зақымдалған жоғарғы сынып оқушылардың өзін - өзі бағалауға дайындықтың мынадай анықтамасы бар: білім, іскерлік, дағдыны енгізетін, оқушының өзін - өзі бағалауын қалыптастыруды қамтамасыз ететін жеке тұлғаның интегративті, динамикалық сапасы . Б. Г. Ананьевтің айтуынша, өзі жайлы ойлардың пайда болуына ұжымдағы өмір мен өзін - өзі бағалауды қалыптастыратын қатынастардың дұрыс дамуы әсер етеді.

Арнайы мектеп оқушыларының өзара тұлғалық қарым-қатынасын зерттеуде, мектептің бастауыш сынып оқушылары арасындағы қарым-қатынасының өзіндік құрылымына қарамай, сол заңдылықтар бойынша дамиды, яғни жалпы мектеп оқушылары арасындағы қатынастары сияқты және ойын, еңбек, оқу, интернатта бірігіп өмір сүру процессіндегі әлеуметтік қарым-қатынасындағы қажеттіліктеріне байланысты. Әр оқушыға ұжымда жағымды эмоционалдық өзін сезінуін және адекватты өзін бағалауын қалыптастыру және жеке өзара қатынас сферасындағы деңгейін қамтамасыз ету қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Намазбаева Ж.Ы. Психологиялық ерекшеліктер. - Алматы, 2005.
- 2 Жарықбаев Қ.Б. Қазақ ағартушыларының еңбектеріндегі оқыту мен тәрбие мәселелері. – Алматы, 1997.
- 3 Жампеисова Қ.К. Жасөспірімдердің танымдық әрекеті. – Алматы, 2006.
- 4 Мендалеева Р.Т. Өзін-өзі бағалаудың теориялары. – Алматы, 1988.
- 5 Рыспекова А.К. Өзіндік ерекшеліктер. – Алматы, 1989.
- 6 Ананьев Б.Г. Психология педагогической оценки // Том 2. М., Просвещение, 1980. – 25 с.

УДК: 376.-056.6
МРНТИ: 14.29.01

Аутаева А.Н¹. Тыныстан Т.Қ.²

¹Ғылыми жетекшісі, психол.ғ.к., доцент, Арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі
Akbota-n@mail.ru

²6M010500 – Дефектология мамандығының 2 курс магистранты,
ttynystan@mail.ru

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДЕФЕКТОЛОГ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстандағы мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім беруді жүзеге асыру жолында дефектологтар мен педагогикалық кадрларды даярлау мен қайта даярлау қарастырылған. Инклюзивті білім берудегі дефектологтарды даярлаудың құрылымын өзгертудің ерекшеліктері, сонымен қатар барлық мамандардың мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауға кәсіби біліктілігін қалыптастыру қарастырылған.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі балалар, кәсіби даярлау.

Аннотация

Тыныстан Т.Қ.¹, Аутаева А.Н.².

¹магистрант 2 курса по специальности 6M010500 – Дефектология
ttynystan@mail.ru

²Научный руководитель, канд.психол.наук, доцент, заведующая кафедрой специального образования
Akbota-n@mail.ru

КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

Подготовка специалистов-дефектологов в инклюзивном образовании в настоящее время

В статье рассматривается специфика подготовки педагогических кадров для реализации инклюзивного образования лиц с ограниченными возможностями в Казахстане. Обосновывается необходимость изменения содержания профессиональной подготовки и переподготовки учителей-дефектологов, а также формирования профессиональной компетентности в работе с такими детьми у педагогов всех специальностей.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дети с ограниченными возможностями, профессиональная подготовка

Abstract

Tolganay Tynystan¹, Akbota Autaeva²
Akbota-n@mail.ru

Training of specialists of speech pathologists in inclusive education now

The article discusses the specifics of training teachers for the implementation of inclusive education for people with disabilities in the Kazakhstan. The necessity of changing the content of the training and retraining of teachers, speech pathologists, as well as the formation of professional competence in working with these children at teachers of all disciplines, is justified.

Key words: inclusive education, children with disabilities, professional training.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» дегендей біздің басты міндетіміз - жаңа заман талаптарына сай, экономикалық әлеуметімізді молайту үшін ғылымның мол жетістіктерімен қаруланған, білім беру жүйесін дамытумен қатар басқара алатын жастарымызды тәрбиелеп, білім беру болып табылады. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы үшін тілі мен діні, жері қаншалықты маңызды болса, оның рухани дүниесі де соншалықты маңызды болып табылады. Қазіргі таңда сапалы білім алу мен адамгершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу мәселесінің мәні артауда. Білім беру мен тәрбиелеу үрдісін жаңа сапаға көтеру - өзекті мәселеге айналуға. Жолдауда адами капиталдың сапалы дамуына баса назар аударылып, оқыту процесіне қазіргі заман талабына сай технологиялар мен әдістемелерді енгізу, педагогтар сапасын көтеру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, тәрбие мәселесін күшейту бағыттары нақты қарастырылған [1].

Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу және қоғамдастыру мәселесі алға қойылған. Олардың құқықтарын қорғау мен тең дәрежелі білім алуы негізінде әртүрлі іс шаралар мен жүйелер енгізілуде. Соның бірі – инклюзивті білім беру болып табылады. Инклюзивті оқыту - ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Қазіргі уақытта елімізде инклюзивті білім беру білім саласында бірінші орынға қойылып отыр. Себебі, 1994 жылы қол қойылған Саламандық декларациясы бойынша, 92 мемлекеттік және 25 халықаралық ұйымның 300-ден астам өкілдері, «инклюзивті білім беруді жалпы білім беретін мектептерге енгізу – мүмкіншілігі шектеулі балалардың дискриминациясымен күресу әдістерінің бірден бір жолы, ол мектеп қоғамының жылы қарым-қатынасқа бейімделуін, барлығына қолайлы және жалпы білім беру жағдайын ұйымдастыру» деп есептейді. Инклюзивті білім беру мен оның негізгі қағидалары, жалпы білім беретін мектеп әкімшілігі мен мектеп педагогтарының мүмкіншілігі шектеулі балалардың әлеуметтік, физикалық, эмоционалдық және зерде дамуын тәуелсіз қабылдап, оларға қажетті жағдай жасауды талап етеді. [1]

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 мусында қабылданған Білім туралы заңының 1 Бөлімі 1 тармағына сәйкес барлық балалардың сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың бірдей білім алуға құқылы және бұл құқықты жүзеге асыруда міндеттер жүктелген. Елімізде бүгінде қолға алынып жүзеге асырылып жатқан инклюзивті білім беру жүйесін жүзеге асыру жолында мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген, сонымен қатар 2010 жылдың 1 ақпанында бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын атауға болады. [2]

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбіне арнайы мектеп- интернаттарда білім алады. Шындығында олар оқшауланған, қоғамдық өмірге бейім емес. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау енді қолға алына бастады. Инклюзивті білім берудің негізі мектептегі барлық балаға олардың ерекшеліктерінен тыс сапалы білім беру болып табылады. Қазақстанда қазіргі таңда инклюзивті білім беру үдерісін енгізу ісі кешенді сипатқа ие, ол мемлекеттік құрылымдардың, ата-аналардың, отбасының, ең бастысы білім беру жүйесі мен мемлекеттік емес ұйымдардың қатысуын, тікелей араласуын және белсенділігін қажет етеді. Бүгінде ерекше назарды студент-дефектологтарды тәрбиеші әрі педагог ретінде дайындықтарын қалыптастыруға аудару керек, өйткені ол қалыпты топқа қарағанда инклюзивті топтағы балаларға одан да зор ықпалға иеленеді.

Жоғарыда баяндалған сапалы білім мен адамгершілігі жоғары тұлға даярлаудың және мүмкіндігі шектеулі оқушылардың қоғамдануына, әрі инклюзивті білім берудің жоғары дәрежеде дамуының бір негізі негізінде ЖОО-да кәсіби маман даярлау болып табылады.

Қазақстандағы инклюзивті білім берудегі басты мәселелердің бірі мүмкіндігі шектеулі жандардың білім алуында педагог немесе арнайы мамандардың тапшылығы мен даярлығының жеткіліксіздігі. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді

болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді. Инклюзивтік білім беру-барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру болып табылады. Осы жағдайда инклюзивті білім беру жағдайындағы мамандарға қойылатын маңызды талап – медициналық, психологиялық және дефектологиялық саладағы мамандармен бірге әрекет етуге дайындығы мен қабілеті. Бұндай әрекеттестіктің басты мақсаты - даму мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту, оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру екендігін түсіну қажет. Арнайы педагогика саласында өзінің кемшіліктерін мойындау, әріптестері мен мамандардың көмегін қабылдау, мамандармен тұрақты байланысуға дайын болу қабілеті – топтағы жұмыстың негізі болып табылады.

2011-2020 жылдарға арналған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2020 жылы еліміздегі мектептердің 70% инклюзивті білім беру стандартына көшірілуді мақсат етіп отыр. Ал мұндай жағдайда мүмкіндігі шектеулі балалардың 50% жалпы білім беретін мектепте білім алуға мүмкіндік алады. Ал осы мүмкіндікті жүзеге асыру жолында әртүрлі міндеттер тұр. [3] Осы мақсатты алға тарта отырып, қарастырсақ бүгінде 2016 жылғы ҚР ғылым және білім беру министрлігінің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, елімізде 7432 жалпы білім беретін мектеп бар. 2020 жылға дейін 70% мектепті жүйеге қосатын болсақ, орта есеппен 5202 мектепті құрайды. Қазіргі уақытта елімізде 29 (28 мемлекеттік, 1 жеке) мектептер инклюзивті білім беру жүйесіне сәйкес оқыту процессінде. Бұл дегеніміз еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің 3% құрайды. Қалған 67% 4 жыл көлемінде жүйеге қосу міндеті тұр. Бұл жүйеге қосу барысындағы мәселе ретінде кадрлардың жоқтығы басты міндет болып табылады.

Жоғарыда баяндалғандай 5202 мектепті жүйеге қосу үшін кемінде бір жылда 1000-нан аса инклюзивті білім беру жүйесінде қызмет жасайтын дефектолог мамандар даярлануы қажет. Дегенмен осы тұста мамандарды даярлау мен мамандардың дайындығы бойынша үлкен қажеттілік пен сұраныс туындайтыны айқын. Бұл инклюзивті білім беру жүйесіндегі дефектолог мамандарды даярлаудың қажеттілігінің бірінші көрінісі.

Елімізде дефектолог мамандарды даярлайтын жоғарғы оқу орындарында инклюзивті білім беру бағыты бойынша пән соңғы 2 жыл көлемінде бағдарламаға қосылды. ҚР бакалавр дәрежесіндегі студенттер жалпы орта есеппен 4 жылда оқытылатын пәндер кредитінің саны 157 құрайды. Осы тұста инклюзивті білім беру бойынша тек 1 пән және жалпы кредит саны 3 бір семестрді құрайды. Бір пәнді меңгеру бойынша маман толық дәрежеде аталмыш жүйе бойынша толықтай жұмыс жасай алады ма, инклюзивті білім беру жүйесі бойынша толық мәліметтер мен білім беру әдістемесін меңгеру арасында қарама-қайшылық туындайды. Бұл инклюзивті білім беру жүйесі бойынша дефектолог мамандардың даярлаудың қажеттілігінің екінші көрінісі болып табылады.

Сонымен қатар «педагогикалық кадрлар мен соларға теңдес тұлғаларды аттестациялау жағдайы мен ережесінде» көрсетілген: ... Инклюзивті білім беру жүйесіне кіріктірілген жалпы мектептің педагогикалық кадрларының алған диплом дәрежесі мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға сай болуы қажет және қосымша пән бойынша біліктілігін арттыру курстары бойынша куәліктері болуы қажет (арнайы, педагогика, арнайы психология және т.б.) [3]

Сондықтан да, ҚР 2020 жылға арналған инклюзивті білім беру жүйесіндегі 70% көзделген мақсатқа жетудегі басты мәселе бұл дефектолог мамандарды даярлау мен оның педагогикалық-ұйымдастырушылық бағыты мен көзделген мәселенің бүгінде жоғары сұранысқа қажеттілігі арасында қарама-қайшылық туындап отыр.

Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты - мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық ерекшеліктеріне, тұрғылықты жерлеріне сәйкес білім алу құқықтарын жүзеге асыру, оларды әлеуметтік бейімдеу және қоғамға интеграциялау; бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролінің маңызын арттыру.

Инклюзивті білім берудің міндеттері:

- ерекше білімді қажет ететін балалардың дамуындағы заңдылықтарды зерттеу;
- жалпы білім беру және арнайы білім беру жүйелерін зерттеу;
- ерекше білімді қажет ететін балалардың ерекшеліктерін ескеретін білім беру бағдарламаларын құру және жүзеге асыру;
- жалпы білім беретін мектептердегі түзетушілік жұмыстардың мүмкіндігін анықтау және сәтті жүзеге асуын болжау;

«Бәріне бірдей мүмкіндік» принципін ұстанатын инклюзивтік білім беру үдерісі арнайы білім берудің перспективалық дамуы болып табылады. Бұл термин «Сапалы білім -барлығы үшін» түсінігімен бірге қолданылады. Яғни жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау яғни сапалы білім беретін мамандар даярлау.

Студент дефектолог инклюзивті топпен тиімді жұмыс жасау үшін төмендегідей құзыреттіліктер қажет:

1. Балаға байқау жүргізуді, оның дамуының жеке жоспарын түзете білу.
2. Балалармен әріптестік дағдыларын меңгеру және ұйымдастыруға көмек көрсете отырып, олардың белсенділігін арттыруға жағдай жасай отырып, ойындық өзара әрекетін дамытуға белгісіз бола отырып балаларға көмектесу.
3. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, сонымен қатар балалардың бірлескен ойын әрекетіне жағдай жасайтын әртүрлі «мазмұнды» пәндік орта құра білу.
4. Бірлескен әрекеттің түрлерін ұйымдастыру арқылы топтық ортақтық құру
5. Ата аналармен өзара қызметтестікті құру.

Зерттеуімізге арқау болып отырған студент-дефектологтарды дайындау сапасы - мамандарды даярлаудың білім беру мақсаттарына, тұтынушылардың нормаларына, стандарттары мен талаптарына тең дәрежеде сай болуы, бұл жерде тұтынушылар сұранысы кәсіби мінездемелерге берілетін нақты тапсырыспен анықталады.

Жоғары білім сапасы - жоғары білімнің барлық аспектілерінің мақсатқа, қажеттіліктерге, талаптарға, нормалар мен **стандарттарға сәйкестілігі [4]**.

Мамандарды даярлау сапасын арттыру мәселесіне көптеген зерттеушілер, соның ішінде С. И. Архангельский, В. П. Беспалько, П. И. Пидкасистый, О. А. Абдуллина, Е. В. Бондаревская, Т. А. Воронова, Н. В. Кузьмина, В. А. Слостенин, Н. М. Яковлева және т.б. ғалымдар баса назар аударады. Аталған ғалымдар білім беру үрдісі құрылымындағы педагогикалық бақылау, оның қызметтері, формалары мен әдістерін ғылыми дәлелдеген. Сонымен қатар, олар болашақ педагог мамандардың кәсіби дайындығы сапасын арттыру мәселесін шешудің әр түрлі бағыттары мен жолдарын ұсынады. А. Н. Майоров, Г. К. Селевко, Г. А. Цукерман еңбектерінде студенттерді кәсіби даярлау сапасы мониторингін ұйымдастыру технологиясы мен жүргізу әдістемесі мәселесі қозғалған.

Көптеген авторлық тәсілдердің негізгі екі түрін бөлуге болады: біріншіден, мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыруда білім беру үрдісіне баса назар аударылады (Д. Ю. Бабаев, В. И. Байденко, А. Г. Бермус, Р. М. Назаренко, Е. И. Сахарук), екіншіден, кәсіби дайындық сапасы оның алдын ала бекітілген стандартқа сай болу деңгейімен бағаланады (А. И. Ахулкова, Г. А. Засобина, Н. В. Кузьмина, П. И. Образцов, В. А. Слостенин). Сонымен қатар, зерттеушілердің көпшілігі кәсіби дайындық сапалы болады, егер оның нәтижелері білім беру мақсаттарына сай болып, қолданылатын педагогикалық құралдар (оқыту мазмұны, формалары, әдістері, құралдары т.б.) мен студенттердің жеке ерекшеліктері ескеріліп отырса деген пікірді ұстанады. Мәселен, В. А. Андриеш зерттеулерінде педагогикалық тестілеу жоғары оқу орнында студенттерді кәсіби даярлау сапасын арттыру құралы ретінде қарастырылады. Автордың пікірінше, педагогикалық тестілеу жүйелі бақылау мен оқытудың барлық үрдісінде студенттердің кәсіби дайындығының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін құрал болып саналады. В. А. Андриеш педагогикалық тестілеу құралдарымен жоғары оқу орны студенттерін кәсіби даярлау сапасын арттыруды қамтамасыз ететін **теориялық модельді жасаған [5]**. Соңғы уақытта білім беру сапасы қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму қарқынымен байланысты болғандықтан бұл мәселені зерттеуге бірқатар еңбектер арналған. Бұл зерттеулерде ғаламдық экономиканың дамуы жағдайында қазіргі жоғары білім берудің әлеуметтік-экономикалық даму келешегін жақсартуда маңызды рөл атқаратындығы көрсетіледі.

Қазіргі уақытта студенттерді сапалы дайындау мыналарды көздейді:

1. Студенттерді білімнің пәндік саласына терең бойлату, оларға танымның зерттеп жатқан саласына «ену» тәсілдерін меңгерту;
2. Студенттерді беймәлімді тануға ішкі қажеттіліктерін және үдемелі қызығушылықтарын қалыптастыру;
3. Студенттердің таңдалған мамандықтың шығармашылық сипатына мотивациясын зерттеу;
4. Студенттердің өзіндік жұмысын қалыптастырушы іскерліктер мен дағдыларды, стимулдарды анықтау;
5. Мамандарды кәсіби даярлау сапасына ықпал етуші факторларды **бөлу [6]**.

Жоғары оқу орынында білім алу барысында болашақ мамандарды еңбек нарығының сұраныстарына сай қалыптастыру - оқу үрдісін қазіргі білім беру талаптарына сәйкес жоспарлы

және мақсатты ұйымдастырумен тығыз байланысты. Ол үшін оқыту үрдісіне жаңа және бұрын қолданылған озық тәсілдер мен бағыттарды жетілдіре енгізу қажет. Олардың ішінде білім беру технологиялары айрықша орын алады. Тәжірибе көрсеткендей, оқу үрдісіне технологияларды белсенді енгізу - білім беруде дағдарыстарды жеңуге мол мүмкіндік береді, әрі білім беру мазмұны мен әдістерінің қоғамның және тұлғаның өзгермелі талаптарға сай болуын қамсыздандырады. Олар оқытуды ұғынылған мақсат жемісі ретінде сипаттайды және оны инновациялық оқыту ретінде танып, дәстүрлі оқытуға қарағанда білімді игерудің айрықша түрі деп бағалайды.

Бүгінгі маман - бұл жалпы және арнайы білімі терең, техника және ғылымда жүріп жатқан өзгерістерге оңай бейімделе алатын, жаңа технологиялар талаптарына сай адам; қазіргі маманға базалық білім, проблемалық, аналитикалық ойлау, элеуметтік-психологиялық компетенттілік, интеллектуалды мәдениет қажет. Ескеретін жайт болашақ дефектологтардың теориялық және практикалық дайындығының бірлігін қамтамасыз ету үшін арнайы яғни түзету мектебіндегі ұйымдармен, жалпы білім беру ұйымдарымен, сонымен қатар инклюзивті білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын және асырушы ұйымдармен тығыз қарым қатынаста болудың маңызы зор. Осыған байланысты республикамызда жалпы және арнайы білім беру ұйымдарында, кәсіптік және жоғары оқу орындарында іс тәжірибеден өтуші студенттердің жүйесін қамту мен бірлескен оқытуды жүзеге асыру үшін педагогтарды даярлаудың вариативті жүйесі белсенді әзірленуде. Сонымен қатар студент дефектологтарды даярлау барысында инклюзивті білім берудің элеуметтік психологиялық аспектісіне ерекше назар аудару аса маңызды. Себебі әдеттегі емес баланың білім беру интеграциясы элеуметтік ретінде де, топтың психологиялық портреті ретінде де өзгертеді. Бұл оқыту барысында әртүрлі даулы, есеңкіреген тәуекелді, психологиялық зақымданған жағдайларды туғызуға ықпал етуі мүмкін, мұндай жағдайларда студент алдын ала білуі және дұрыс шешім жасай білуі қажет. Сонымен қатар олардың әрқайсысы әдеттегідей емес, балаға қатысты өзін анықтай білу мәселесін шеше білуі, оның жеке күшіне қалай сенуге болатындығына көмектесу, ішкі потенциалын жұмылдыру немесе сендіру, әр баланың өз дамуында «шарықтау шегі» болатындығын және одан жоғары қадам басу керек еместігін түсіну маңызды. Болашақ дефектолог үшін мүмкіндігі шектелген баланың өмірінде кездесетін қиыншылықты түсінуі, дамуында кемістігі бар балаларды және қалыпты балаларды өз ортасына қабылдауы және көмек көрсетуге тілек білдіруі, ортаға бейімделуі және тапсырмаларды тез меңгеруі үшін, болашақ дефектолог тек педагог қана емес психолог бола білуі керек. Осындай жан жақты болудың нәтижесінде балалар арасындағы қарым қатынас жақсара түсіп, бала тұлғасын түзету, оның тәртіптік және эмоциялық еріктік өрісі кеңейе түседі. Біріккен қарым қатынас ортасы дефектологтың қызметіне зор әсер етеді. Оның әр балаға деген көзқарасы өзгереді. Енді ол басқарушы ғана емес, баланың көмекшісі және кеңесшісі.

Дефектолог тәлім формаларын іске асырады, ол немқұрайлы адамдарға деген шыдамдылықты өңдейді, адами қарым өатынастың құндылықтарын жария етеді және егер адамдар бірін бірі қолдаса туындаған мәселелердің қалай шешуге болатындығын өз әрекеттерәнәі үлгісінде көрсете ала білуі маңызды. Инклюзивті білім беру дефектолог және идеялары бір мамандардың инклюзивті топтарда болу мүмкіндіктері, олардың жұмыстарын бақылау, жылдар бойы жинақталған әдістемені терең меңгеріп және түсініп алу, инклюзивті білім беруге жан тәнімен берілу үшін мұндай ортаның болашақ дефектолог мамандарына маңызы зор. Бұл ең оңтайлы вариант болашақ дефектологтарға серіктестіктерді тарту және оларды үйрету. Осындай мекемелердің базасында денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысқа болашақ дефектологтарды даярлау мәселесін шешу елімізде инклюзивті оқытуды интенсивті енгізуге мүмкіндік береді. Студент - дефектологтардың яғни болашақ дефектологтардың кәсіби құзыреттілік деңгейін жоғарылату, демек барлық білім беру тұтынушыларының тұлға, қоғам, мемлекет сұраныстарын қанағаттандыру. Сонымен, сапалы деңгейде даярланған студент-дефектологтар болашақта жоғары білімді дефектолог атанып өзінің жеке және кәсіби қызметінде табысты жетістіктерге қол жеткізіп қана қоймай, мемлекетіміздің ұлттық экономикасының дамуына сүбелі үлесін қосып, инклюзивті білім беру жүйесін барынша дамытып, Қазақстанның әлемдік қауымдастықта тандаулы орын алуын қамтамасыз ете алады деп тұжырымдаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Оценка качества профессионального образования. Доклад 5 / Под общей редакцией В. И. Байденко, Дж. Ван Зантворта. - М. : Мамандарды даярлау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы, 2001. - 186 б.
2. Рымханова, А. Р. т.б. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру жүйесі// Особенности профессиональной подготовки педагогических кадров в условиях перехода в 12-летнее обучение: Респ. Ғыл.-практ. конф. материалдары - Карағанды, 2009. - 107 - 109 б.
3. Хабаршы ҚазҰПУ, «Арнайы педагогика» сериясы №2(41), 2015, 18 б.

4. Долженко, О. В. Обеспечение качества высшего образования. // Жогары мектеп хабаршысы. - 2001. - №6. -15-23.

5. Андриеш, В. А. Педагогическое тестирование как средство повышения качества профессиональной подготовки студентов в вузе : - рел, 2009. - 24 б.

6. Беркенова, Г. С., Молдахметова, Г. М. Болашақ мамандардың бәсекеге қабілетті тұлғасын қалыптастырудағы оқытудың инновациялық технологиялары. // Халықаралық «Білім берудегі интеграциялық үрдістері: мәселелері және болашағы» атты ғылыми-практикалық конференциясы.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

УДК: 376.4-053.2
МРНТИ: 14.29.37

Г.С.Оразаева¹ А. Е. Орынбасарова²

¹к.п.н., доцент кафедры специального образования КазНПУ имени Абая

² магистрант 2 курса КазГосЖенПУ, г. Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАБОТЕ ПО РАЗВИТИЮ ПОНИМАНИЯ РЕЧИ ДЕТЕЙ С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

Аннотация

В последние годы во всем мире, особенно в странах, испытывающих воздействие комплекса неблагоприятных социально-экономических и экологических факторов, отмечается тенденция устойчивого роста числа детей с нарушениями психофизического развития. Нарушение речевого развития затрагивает все категории детей с особыми образовательными потребностями. Одной из категорий детей, имеющих вторичное нарушение речи, и нуждающихся в логопедической помощи, являются дети с расстройством аутистического спектра.

Нарушения речи многообразны, они могут проявляться в нарушении произношения, грамматического строя речи, бедности словарного запаса, а также в нарушении темпа и плавности речи. Повышается вариативность структуры дефекта, вследствие чего возникает необходимость применения новых методик и приемов. Известно, что устная речь играет главную роль в познавательном и эмоциональном развитии ребенка и является основой социального взаимодействия. Поэтому необходимо предоставить в их распоряжение такую коммуникативную систему, которая поможет облегчить общение, улучшить развитие ребенка, а также активизировать и способствовать интеграции таких детей в социум.

В данной статье представлены три категории методических подходов, при обучении навыкам общения. Также в статье описываются основные способы обучения общению с помощью карточек PECS, разработанные Лори Фрост и Энди Бонди.

Ключевые слова: речь, нарушение речи, расстройство аутистического спектра, обучение общению

Аңдатпа

Оразаева Г.С.¹ Орынбасарова А.Е.²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, п.ғ.к., доцент, Алматы қ., Қазақстан

²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің магистранты,

Алматы қ., Қазақстан

Аутистік бұзылыстары бар балалардың инновациялық технологияларды қолдану арқылы сөз түсінуін дамыту

Соңғы жылдары психофизикалық дамудың мүгедектігі бар балалар санының тұрақты өсу үрдісі дүние жүзінде байқалады, әсіресе қолайсыз әлеуметтік-экономикалық және экологиялық факторлар жиынтығы бар елдерде. Сөйлеуді дамытудың бұзылуы білім берудің ерекше қажеттіліктері бар балалардың барлық санаттарына әсер етеді. Ауызекі сөйлеу қабілетінің бұзылуы бар балалардың санаттарының бірі және сөйлеу терапиясы қажет адамдар аутизм спектрі бұзылған балалар.

